

ISSN 1728-8657

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh national pedagogical university



ХАБАРШЫ

«Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы
Серия «Художественное образование: искусство – теория – методика»
Series of «Art education: art – theory – methods»

№4 (73), 2022

Алматы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh national pedagogical university

ХАБАРШЫ

«Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы
Серия «Художественное образование: искусство – теория – методика»
Series of «Art education: art – theory – methods»

№4 (73)

Алматы, 2022

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ
«Көркемөнерден білім беру:
өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы
№4 (73), 2022

2001 ж. бастап шығады.
Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір

Бас редактор – PhD, қауым. профессор
Т.М. Искаков

Бас редактордың орынбасары және жауапты
хатшы – PhD, К.А. Байғұтов

Редакция алкасы:
Neba Ridley NGWA – PhD, (Камерун, Африка),
Hasan KIRAN – PhD, профессор,
(Анкара, Түркия);
Omer Zaimoglu – PhD, Ақдениз университетінің
доценті (Түркия);
Raimonda Simonaitiene – PhD, профессор
(Каунас, Литва);
Нежвядович Л.И. – ө.ғ.д., профессор
(Алтай, Ресей);
Малахова И. А. – п.ғ.д., доцент,
(Минск, Беларусь);
Халықов Қ.З. – ф.ғ.д., профессор;
Бегімбетова Г. З. – п.ғ.к., профессор;
Егінбаева Т.Ж. – ө.ғ.к., профессор;
Ізім Т.О. – ө.ғ.к., профессор;
Сманов И.С. – п.ғ.д., профессор;
Небесаева Ж. О. – Ph.D., қауымдастырылған
профессор;
Тәңірберген М.Ж. – п.ғ.д., профессор;
Ақбаева Ш.А. – п.ғ.к., доцент;
Ибрагимов А.И. – п.ғ.к., аға оқытушы;
Шайгозова Ж.Н. – п.ғ.к., доцент;
Рабилова З.Ж. – PhD, аға оқытушы;
Мұратаев К. К. – ө.ғ.к., профессор;
Момбек А. А. – п.ғ.к., қауымдастырылған
профессор;
Какимова Л.Ш. – п.ғ.к., доцент;
Балагазова С. Т. – п.ғ.к., қауымдастырылған
профессор.

© Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті, 2022

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың
8-де тіркелген №10099-Ж

Басуға 18.12.2023. қол қойылды.
Пішімі 60x84¹/₈. Көлемі 7,5 е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 82.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13. Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің «Ұлағат» баспасы

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

I БӨЛІМ. КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУ

РАЗДЕЛ I. ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

Джанаев М.Б., Ақашев Қ., Бекова Г.А. Арт білімнің
көркем және этнопедагогикалық негіздері..... 5

Джанаев М.Б., Ақашев Қ., Бекова Г.А.
Художественные и этнопедагогические основы арт
образования
Dzhanaev M.B., Akashev K., Bekova G.A.
Artistic and ethnopedagogical foundations of art education

Нысанғалиева Б.Т. Бейнелеу өнерінің инклюзивті
білім берудегі рөлі..... 17

Нысанғалиева Б.Т. Роль изобразительного искусства в
инклюзивном образовании
Nysangaliyeva B.T. The role of fine arts in inclusive
education

II БӨЛІМ. МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ

РАЗДЕЛ II. МУЗЫКАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

Клышбаев Т.Ж., Батырханова Д.С., Удовченко А.В.
Педагогические подходы в изучении хореографии на
начальных этапах на примере классического танца..... 21

Клышбаев Т.Ж., Батырханова Д.С., Удовченко А.В.
Классикалық би үлгісінде бастапқы кезеңдерде
хореографияны зерттеудегі педагогикалық тәсілдер
Klyshbayev T.Zh., Bатыrhanova D., Udovchenko A.V.
Pedagogical approaches in the study of choreography at the
initial stages on the example of classical dance

Какимова Л.Ш., Байжунусова Л.А. Хормейстерская
подготовка будущих учителей музыки в условиях
дуального обучения..... 31

Какимова Л.Ш., Байжунусова Л.А. Дуальді оқыту
жағдайында болашақ музыка мұғалімдерін
хормейстерлік даярлау
Kakimova L.Sh., Baizhunusova L.A. Chormeaster
training of future music teachers in the conditions of
dual learning

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Художественное образование: искусство – теория – методика»
№ 4 (73), 2022

Выходит, с 2001 года.
Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор - PhD, ассоц. профессор
Искаков Т.М.

Заместитель главного редактора и
ответственный секретарь - PhD.
Байгутов К.А.

Члены ред.коллегии:

Neba Ridley NGWA - PhD., (Камерун, Африка);

*Hasan KIRAN - PhD., профессор,
(Анкара, Турция);*

*Omer Zaimoglu - доктор PhD, Доцент
университета Акдениз (Турция);*

*Raimonda Simanaitiene - PhD., профессор
(Каунас, Литва);*

*Нехвядович Л.И. - д.и.н., профессор
(Алтай, Россия);*

*Малахова И.А. - д.п.н., доцент,
(Минск, Белоруссия);*

Халыков Қ.З. - д.ф.н., профессор;

Бегембетова Г.З. - к.п.н., профессор;

Егинбаева Т.Ж. - к.и.н., профессор;

Ізім Т.О. - к.и.н., профессор;

Сманов И.С. - д.п.н., профессор;

*Небесаева Ж.О. - PhD., ассоциированный
профессор;*

Танирбергенов М.Ж. - д.п.н., профессор;

Акбаева Ш.А. - к.п.н., доцент;

*Ибрагимов А.И. - к.п.н., старший
преподаватель;*

Шайгозова Ж.Н. - к.п.н., доцент;

*Рабилова З.Ж. - PhD,
ст.преподаватель;*

Муратаев К.К. - к.и.н., профессор;

*Момбек А.А. - к.п.н., ассоциированный
профессор;*

Какимова Л.Ш. - к.п.н., доцент;

*Балагазова С.Т. - к.п.н., ассоциированный
профессор.*

© Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2022

Зарегистрировано Министерстве культуры и информации Республики Казахстан
8 мая 2009 г. №10099-Ж

Подписано в печать 18.12.2023.
Формат 60x84¹/₈. Объем 7,5 уч.-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 82.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая
Издательство «Ұлағат»

Казахского национального педагогического университета имени Абая

III БӨЛІМ. СӘНДІ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР РАЗДЕЛ III. ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОЕ ИСКУССТВО

Калдыгулов Е.С., Моменов Б.М. Көркем еңбек сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудағы ұлттық сәндік-қолданбалы өнердің ерекшелігі..... 38

Калдыгулов Е.С., Моменов Б.М. Особенность национального декоративно-прикладного искусства в развитии творческих способностей учащихся на уроках художественного труда

Kaldygulov E.S., Momentov B.M. The peculiarity of the national decorative and applied art in the development of creative abilities of students in the lessons of artistic work

IV БӨЛІМ. ӨНЕРТАНУ РАЗДЕЛ IV. ИСКУССТВОВЕДЕНИЕ

Omar A., Stambekova Zh.K. Features of the design of elements of modern national clothing in fashion design using the CLO program..... 45

Омар А., Стамбекова Ж.К. Особенности оформления элементов современной национальной одежды в модном дизайне с помощью программы CLO

Омар А., Стамбекова Ж.К. Сән дизайнындағы заманауи ұлттық киім элементтерін CLO бағдарламасы арқылы жобалаудың ерекшеліктері

Найманов Б.Т. Графика өнері және оның түрлері
Найманов Б.Т. Искусство графики и его виды..... 53

Naimanov B.T. The art of graphics and its kinds

Авторлар жөнінде мәлімет..... 59

Сведения об авторах
Information about the author

Abai Kazakh national pedagogical university

BULLETIN

**A series of
«Art education: art – theory – methods»
№4 (73), 2022**

Periodicity – 4 issues per year.
Published since 2001

Chief Editor – PhD, assoc. Professor
Iskakov T.M.

Deputy chief editor and Executive Secretary –
PhD. **K. Baigutov**

Members of editorship:

Neba Ridley NGWA - *PhD., (Cameroon, Africa);*

Hasan KIRAN - *PhD., Professor,
(Ankara, Turkey);*

Omer Zaimoglu - *PhD, Associate Professor at
Akdeniz University (Turkey);*

Raimonda Simonaitiene - *PhD., Professor
(Kaunas, Lithuania);*

Nekhvvyadovich L.I. - *Doctor of Arts, Professor
(Altai, Russia);*

Malakhova I.A. - *Doctor of Pedagogical Sciences,
Associate Professor, (Minsk, Belarus);*

Halykov K.Z. - *Doctor of Philosophy, Professor;*

Begimbetova G.Z. - *Candidate of Pedagogical
Sciences, Professor;*

Eginbayeva T.Zh. - *Candidate of Arts, Professor;*

Isim T.O. - *Candidate of Arts, Professor;*

Smanov I.S. - *Doctor of Pedagogical Sciences,
Professor;*

Nebesaeva Zh.O. - *Ph.D., Associate Professor;*

Tanirbergenov M.Zh. - *Doctor of Pedagogical
Sciences, Professor;*

Akbayeva Sh.A. - *Candidate of Pedagogical
Sciences, Associate Professor;*

Ibragimov A.I. - *Candidate of Pedagogical
Sciences, senior lecturer;*

Shaigozova Zh.N. - *Candidate of Pedagogical
Sciences, Associate Professor;*

Rabilova Z.Zh. - *PhD, senior lecturer;*

Murataev K.K. - *Candidate of Arts, Professor;*

Mombek A.A. - *Candidate of Pedagogical
Sciences, Associate Professor;*

Kakimova L.Sh. - *Candidate of Pedagogical
Sciences, associate Professor;*

Balagazova S.T. - *Candidate of Pedagogical
Sciences, Associate Professor.*

© **Kazakh National Pedagogical University
named after Abai, 2022**

Registered in the Ministry of Culture and
Information of the RK, 8 May, 2009 № 10099-Ж.

Signed to print 18.12.2023.
Format 60x84 ¹/₈. Book paper. 7,5
300 copies. Order 82.
050010, 13 Dostyk ave.

Almaty. KazNPU. Abai Publisher "Ulagat" Abai
Kazakh National Pedagogical University

I БӨЛІМ. КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУ I РАЗДЕЛ. ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

ӨОЖ: 378.02:37.016

ҒТАМР: 14.35.09

М.Б. Джанаев¹, Қ.Ақашев², Г.А. Бекова³

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
педагогика ғылымдарының кандидаты, Қауымдастырылған профессор, Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: miyat53@mail.ru

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, аға оқытушы,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: kurmanqazy akashev@mail.ru

³Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, аға оқытушы,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: bekova-1969@mail.ru

АРТ БІЛІМНІҢ КӨРКЕМ ЖӘНЕ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Зерттеуде кіріктірілген арт-технологиялардың арт-педагогикалық әдістері көркем және этнопедагогикалық қызмет тоғысында қарастырылған. Өнерлер мен ұлттық мәдениет арқылы көркемдік мәдениетті дамыту мен ұлттық және жалпы-адамзаттық құндылықтарды, салт-дәстүрлерді игертудің арт-педагогикалық әдістері зерттеледі.

Мұндай әдістер арт-техникадағы көрнекі визуалдық, пластикалық, аудиальдық коммуникацияның әрқилы түрлерінде қатынас жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Көркем және этнопедагогикалық өзара әрекеттесуге негізделген арт-әдістер білім алушылардың рухани және мәдени дамуына жаңаша мүмкіндіктер туғызып, олардың өзіндік шығармашылық тіліне ықпал етеді.

Педагогқа проблемаларға жаңаша қарау мен педагогикалық міндеттерді шешу жолдарын табуға мүмкіндік беретін, қабылдау мен тәжірибелік қызметтің әдістерін, көрнекі визуалдандыру арт-технология негіздерінің бірі болып табылады.

Осы зерттеудің мақсаты, көркем және этнопедагогикалық тәрбие мен оқытудың негізінде арт-әдістерді қолданудың теориялық және тәжірибелік мәселелерін қарастыру болып табылады. Білімгерлердің көркемдік мәдениеті мен этнопедагогикалық тәрбиесін дамыту тенденциясы, халықтық арт-педагогиканың мәнінің басты критерилерімен тікелей байланысты. Сондай-ақ, арт-педагогикалық зерттеулердің көрсеткіштері мен нәтижелері осы мақсат-міндеттермен анықталады, олар рухани-адамгершілік тәрбиенің халықтық дәстүрлері мен көркем білім әдістеріне тәуелді. Қоғамның постиндустриалдық даму кезеңінде арт-білім мәселелерін зерттеу ұлттық рухани және мәдени құндылықтарды есепке алу мен олардың мазмұнына сүйенуі тиіс. Кіріктірілген арт-технологиялардың арт-педагогикалық әдістері көркем және этнопедагогикалық қызмет тоғысындағы білімгерлердің көркемдік мәдениеті мен ізгілікті рухани әдеп тәрбиесін дамыту тенденциясы, халықтық арт-педагогиканың мәнін құрайды.

Түйін сөздер: арт-білім беру, этнопедагогика, көркем білім, интеграция, рухани мәдениет, мәдени құндылықтар, халықтық педагогика, ұлттық дәстүр, көркем шығармашылық.

Джанаев М.Б.¹, Ақашев Қ.², Бекова Г.А.³

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор,
г. Алматы. Казахстан, e-mail: miyat53@mail.ru

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
старший преподаватель, г. Алматы. Казахстан, e-mail: kurtmangazy_akashhev@mail.ru

³Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
старший преподаватель, г. Алматы. Казахстан, e-mail: bekova-1969@mail.ru

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ И ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ АРТ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В исследовании арт-педагогические методы интегрированной арт-технологии рассмотрены на стыке художественной и этнопедагогической деятельности. Изучаются арт-педагогические методы развития художественной культуры и приобщения к национальным и общечеловеческим ценностям, традициям и обычаям через искусства и национальную культуру. Такие методы обеспечивают возможность контакта с разными видами визуальной, пластической, аудиальной коммуникации арт-техники.

Арт-методы основанные на художественном и этнопедагогическом взаимодействии создают новые возможности для духовного и культурного развития обучающихся, способствуют их творческому самовыражению. Визуализация методов восприятия и практической деятельности является одной из основ арт-технологии, позволяющая педагогу по новому взглянуть на проблемы и найти путь к решению педагогических задач.

Целью данного исследования является рассмотрение теоретических и практических вопросов применения арт-методов на основе художественного и этнопедагогического воспитания и обучения. Тенденции развития художественной культуры и этнопедагогического воспитания обучаемых, непосредственно связано с главными критериями значения народной арт-педагогике. Показатели и результаты арт-педагогических исследований также определяются этими целями и задачами, зависят от методов художественного образования и народных традиций духовно-нравственного воспитания. В постиндустриальный период развития общества изучение проблем арт-образования должно опираться на учет и содержание национальных духовных и культурных ценностей, их природных особенностей.

Ключевые слова: арт образование, этнопедагогика, художественное образование, интеграция, духовная культура, культурные ценности, народная педагогика, национальная традиция, художественное творчество.

Dzhanaev M.B.¹, Akashev K.², Bekova G.A.³

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Almaty, Kazakhstan, e-mail: miyat53@mail.ru

²Abai Kazakh National Pedagogical University, senior lecturer, Almaty, Kazakhstan, e-mail: kurmangazy_akashev@mail.ru

³Abai Kazakh National Pedagogical University, senior lecturer, Almaty, Kazakhstan, e-mail: bekova-1969@mail.ru

ARTISTIC AND ETHNOPEDAGOGICAL FOUNDATIONS OF ART EDUCATION

Abstract

In the study, art-pedagogical methods of integrated art-technology are considered at the intersection of artistic and ethno-pedagogical activities. Art-pedagogical methods of developing artistic culture and familiarizing with national and universal values, traditions and customs through arts and national culture are being studied. Such methods provide the possibility of contact with different types of visual, plastic, auditory communication of art technique. Art methods based on artistic and ethno-pedagogical interaction create new opportunities for the spiritual and cultural development of students, contribute to their creative self-expression. Visualization of methods of perception and practical activity is one of the foundations of art technology, which allows the teacher to take a fresh look at problems and find a way to solve pedagogical problems.

The purpose of this study is to consider the theoretical and practical issues of applying art methods based on artistic and ethno-pedagogical education and training. Trends in the development of artistic culture and ethno-pedagogical education of students are directly related to the main criteria for the significance of folk art pedagogy. The indicators and results of art pedagogical research are also determined by these goals and objectives, depend on the methods of art education and folk traditions of spiritual and moral education. In the post-industrial period of the development of society, the study of the problems of art education should be based on the consideration and content of national spiritual and cultural values, their natural features.

Keywords: art education, ethnopedagogy, art education, integration, spiritual culture, cultural values, folk pedagogy, national tradition, artistic creativity.

Кіріспе. Педагогикалық, психологиялық, тарихи, әлеуметтік-гуманитарлық ғылыми зерттеулер нәтижелері көрсеткендей кез келген саладағы болашақ маманның бір жақты кәсіби сауаттылығы мен білімділігі қазіргі таңдағы ізгілікті қоғам талаптарына жеткіліксіз және мұндай бір жақтылық әлеуметтік, рухани, мәдени регреске әкелуі ғажап емес.

Сондықтан, қазіргі қарқынды жаһандану кезеңінде кез келген кәсіби сала мамандарын даярлауда, олардың гуманистік, адамгершілік сипаттарын, рухани танымын артыратын, ізгіліктік принциптерді игеруге ықпал ететін, халықтық және көркем педагогиканың прогрессивті бастамаларын негізге алу маңызды ұстаным болып табылады. Қазіргі білім беру жүйесіне талдау жасау, оның жоғарыда аталған мәселелерге сай еместігінен, рухани және мәдени құндылықтардың ескерілмейтіндігінен азаматтық позициялардың, ұлттық мүдделер мен мақсаттардың іске аспайтындығын көрсетеді. Осы себептерге байланысты арт білім беру пәнінің әдістемесін педагогикалық өнер тану және этнопедагогикалық тұрғыдан қарастыру қажеттігі туындайды.

Арт білім оқулығында «Арт білім» пәні - Қазақстанның ежелгі дүниеден қазірге дейінгі әр түрлі тарихи кезеңдердегі уникалды мәдени көптүрлілігінің қалыптасу құрылымы мен генезисі туралы базалық білімдерді қамтиды. ... Алынған білімдер туған жер мәдениеті мен өнері туралы қажетті элементарлық білімдер қорын игеруге көмектеседі, толеранттылыққа негізделген

тұрақты құндылықтар жүйесін және белсенді азаматтық позицияны қалыптастырады» деп көрсетілген [1].

Осы бағытта ғылыми, шығармашылық жұмыстарға бейім, жан-жақты дамыған көркем мінезді, адамгершілік қасиеттері қалыптасқан мамандар даярлау мақсаттары шешілері анық. Әл-Фараби айтқандай тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы. Бүгінгі таңда білімі жоғары, алайда адами қасиеттері мен моральдық, адамгершілік деңгейі төмен, тек кәсіби мамандық бойынша білім мен тәжірибе жинақтаған мамандар көптеп кездеседі. Тек кәсіби мамандық бойынша ғана білім мен тәжірибе алған адамгершілік, рухани дүниесі тайыз мамандар қоғамдағы әлеуметтік, саяси, мәдени бағыттарда күрделі қайшылықтар мен келеңсіздіктер туындаттары сөзсіз. Олай болса, арт білім пәнінің мазмұны мен практикалық мәні Қазақстанның түрлі ғылым салаларындағы болашақ мамандарды Қазақстанның көне дәуірден бүгінге дейінгі саналуан кезеңдеріндегі өнер түрлері мен мәдениетінің тылсым қырлары мен құрылымының ерекшеліктерін қарастыра отырып, білімгерлердің жеке ғылыми-шығармашылық қызметін тиімді ұйымдастыра білуге ынталандыру мен қатар адамгершілік, гумандық әдептер мен адами моральдық, ұлттық рухани және мәдени құндылықтарды, олардың табиғи ерекшеліктерін есепке ала отырып мәдени, ұлттық көркем танымдық білімдерін белсендіріп дамыту маңызды мәселе. «Арт педагогика позволяет рассмотреть в рамках образования не только художественное воспитание, но и все компоненты развивающего процесса средствами искусства» [2]. Арт-білім беру пәнінің негізгі міндеті, білімгерлерді оқыту нәтижесіндегі пәндік құзіреттіліктерімен қатар, олардың зияттық қорын өз ұлттық рухани негіздері, мәдени ерекшеліктері мен көркемдік қырлары арқылы қалыптастыру. Бұл оқыту курсы Қазақстанның ежелден қазірге дейінгі әртүрлі кезеңдердегі мәдени көптүрлілігінің мәнін тәрбиенің халықтық тәжірибесі мен ұлттық мәдени дәстүрлерін қолдану мүмкіндіктері арқылы қарастырады. Сонымен қатар, білімгерлердің шығармашылық және ғылыми қызметін сапалы ұйымдастыруға қажетті іскерліктерін халықтық тәжірибе мен ұлттық мәдениет негізінде дамыту болып табылады. Мұнда этнодизайн түрлерімен, этнодизайн шығармашылығындағы түрлі құрал-материалдармен, технологиялармен, Қазақстан этнодизайнерлері туындылығымен таныстырып игертуде аса маңызды тәсілдер болып табылады. Өнер мен ұлттық көркемдік мәдениет рухани және материалдық қатынастарда жеке тұлғаны шығармашылыққа баулудың өте ширақ та кең саласы. Арт білімді оқыту үрдісінде қазіргі жаңғыру кезеңіндегі жаңа бастамаларды неғұрлым белсенді түрде шешу мүмкіндіктері мен жолдары айқындалады. Ғылыми зерттулерінде арт білім мазмұны мен оның әдіс тәсілдерін ғалымдар түрлі бағытта қарастырады [3], [4], [5], [6]. Бұл зерттеулерден арт-педагогиканың оқу үрдісінде тұлғаның кәсіби мамандықты рухани мәдениет пен өнер және педагогика негіздері арқылы жан-жақты игертуді көздейтін ғылыми білім, өнер мен мәдениет саласына жататындығын көреміз. Олай болса, арт-педагогика педагогикалық өнертану мен этнопедагогикалық ғылым салаларымен де тығыз байланыста қарастырылуы тиіс.

Негізгі бөлім. Еліміздегі әр саладағы болашақ мамандардың көркемдік мінездері мен адами қалыптарын қалыптастыру мүмкіндіктері мамандық саласындағы нақтылы рухани жемісті қызметтері арт-білім сабақтарында орын алады. Қазіргі кезде арт-білім беру көркемдік рухани мәдениет саласында, оқу процесін белсендіру мен оны неғұрлым жоғары сапалы деңгейге көтерудің формалары мен әдістерін ізденуді талап етеді. Әрине арт-білім пәнін оқыту қандай да мамандықтың арнайы қызмет тәсілдерімен шектеліп қоймай, сонымен қатар өнер мен мәдениеттің көп қырлы байланыстарын да есепке ала отырып, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру бағытында қарастырылуы тиіс. Көпшілік жағдайда бұл пәннің білімдік және тәрбиелік функциялары ескеріле бермейді. Алайда көркем өнер мен мәдениет негіздері қатынасындағы арт-білім пәнінің білімгердің рухани танымын дамыту мүмкіндіктері өте зор екендігі ғылыми зерттеулерден белгілі [7]. Қазіргі заманның қоғамдық даму үдерісінде өнер мен көркемдік білім арқылы халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды жас буын бойына сіңіру жаңа кіріктірілген арт-технологиялардың арт-педагогикалық әдістері көркем және этнопедагогикалық қызмет тоғысындағы технологияларымен жүзеге асады. Сондықтан, біздің зерттеуімізде арт-білім әдістері ұлттық мәдени мұраларды игерудің жаңа заманау технологиясы ретінде қарастырылады.

Өнер мен көркем білім арқылы ұлттық құндылықтар мен халықтық мұраларды игеру бүгінгі адамзат қоғамына не үшін және қаншалықты қажет? Оның адам өміріндегі мақсаты қандай және оның функциясы мен мәні неде? Міне осы басты мәселелер мен гуманистік және мәдени құндылықтар болашақ кез келген сала маманына, осы арт білім негіздері арқылы міндетті түрде қалыптастырылуы тиіс. Қазіргі кезеңдегі технократтық тенденциядан туындаған түрлі ерсі, жағымсыз, адами қылықтарға жат ой пиғылдар, кертартпа қылықтар осыны талап етеді.

Арт білім беру білімгерлердің мәдениет пен өнер түрлері арқылы шығармашылық потенциалы мен зияттық қабілеттерін, рухани қасиеттерін қалыптастыру мен дамыту мақсаттарын көздейді. Ал адамның рухани қасиеттері мен зияттық қабілеттері ата-тектік бастаудағы ұлттық санамен, халықтық дәстүрлермен беріледі. Міне, халықтық арт-педагогиканың мәні мен басты критерилері осылар. Сондықтанда, арт педагогика кез келген кәсіби сала маманының шығармашылық потенциалын қуаттандыра отырып рухани мәдениет пен көркем қызмет негіздерін астастыра қолдану арқылы көркем білім мен ізгілікті тәрбие беру пәні болып табылады. Шығармашылық потенциал ол, - жеке тұлғаның интеллектуалдық шығармашылық қызметіне қажетті түрлі сезімдік, психологиялық, рухани, көркем танымдық және іс-әрекеттік қабілеттерінің мазмұнды жиынтығы. Арт-педагогика адамның шығармашылық потенциалын дамыту мақсатында, түрлі көркем өнер мен мәдениет тәсілдері арқылы шығармашылық белсенділік, креативтілік, тектілік, жанашылдық, сезімдік қиял, ой-жүйе, эмоционалдық әсерлілік қасиеттерді қалыптастырады. Шығармашылық потенциалды, қасиеттер мен қабілетті қалыптастыру түрлі арт-педагогикалық көркем қызмет тәсілдері арқылы жүзеге асады. Арт-әдістер шығармашылық потенциалды сапалы дамытуда түрлі арт-тәсілдер - визуалды бейнелік тәсілдер, әсерлі сезімдік қабылдау тәсілі, көркем бейнелік тәсілдер, түрлі анимациялық, қазақ ұлттық қол өнері, ұлттық өнердің этнодизайндық заманауи түрлері мен формаларының тәсіл түрлерін қолдана отырып, тұлғаның рухани эмоциялық өзіндік сезімінің ізгіліктік сарында ашылуына ықпал етеді. Шығармашылық потенциалды сапалы арттыруда өнер түрлерінде көркем композициялар құрастыру тұлғаның ой-қиялы мен креативті ойына инертті әсер етеді. Мысалы, өнерді психоаналитикалық зерттеулерінде Карл-Густав Юнг адамның шығармашылық белсенділігі үрдісіндегі психикалық механизмдермен рәміздік белгілердің қалыптасуына байланысты теориялық негіздер қарастыра отырып, ол бейнелеу өнеріндегі рәміздік тілдің сөзден гөрі дәл, нақтылы және кең мағыналылығын образдарды түсіну жүйесін талдай отырып дәлелді көрсетеді [8].

Г.Рид көркем экспрессияның типтерін жүйелеп талдайды [9]. Бейнелеу өнерінің психодиагностикалық потенциалын пайдалану маңыздылығы, осы негізде психодинамикалық бағыттың көркемдік экспрессия ерекшеліктерін, визуалдық, рәміздік экспрессиялы мәндік мазмұндық ширақтығы мен кеңдігін ғалымдар Kramer E. [10], Lowenfeld V. [11], Naumburg M. [12] анықтап берді. Арт-әдістер суреткердің қайталанбас ерекше өзіндік танымдық іс-әрекеттеріндегі, идеялары мен көркем шығармашылық ой-санасындағы мәдени мәнділіктерді түрлі көркем бейнелі тәсілдермен материалдық, сезімдік ой саналық күйде көрсету жолдары болып табылады.

Арт-әдістер бұл, мәдениет пен өнер арқылы психологиялық-педагогикалық әсерлі ықпал ету, оның басты мақсаты – қоршаған ортамен гармониялы байланыс орнату. Арт-педагогика педагогикалық көркем тәрбие үрдісінің теориясы мен тәжірибесі арқылы өнер, көркем қызмет пен мәдениет негіздерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін ғылыми білімнің бір тұтас саласы. Арт-педагогикалық үрдісте педагогикалық мақсаттар мен педагогикалық ой-жүйені жүзеге асыру міндеттері, өнер түрлерінің құралдары арқылы орындалады. Арт-педагогика сабағында білім қызметін ұйымдастыру - педагогикалық өзара байланыс жүйесі көркем білім мен оқу тәрбие мазмұнының өнер, мәдениет, педагогика салаларының интеграциясы, кірігуі арқылы болатын құбылыс. Арт-білім беру сабақтарында оқытушы арт-педагогика әдістері мен өнер құрал тәсілдерін дәрістер мазмұнына, практикалық тәжірибелік сабақтарға, семинар сабақтарына, сабақ бағдарламалары мен жоспарларына енгізе отырып визуалды өнер түрлері мен

мәдени таным тәсілдерінің әрқилы мүмкіндіктерін қолдануы мүмкін. Мұның барлығы студенттерге кәсіби іскерлік пен құзырлықты көркем педагогикалық рухани таным тұрғысынан қалыптастырудың негізгі міндеттері мен әдістері.

Сондықтан қазіргі кезең талаптары креативті шығармашыл тұлға қалыптастыруда көркем педагогика мен оқытудың түрлі тәсілдері мен модельдерін ұсынады. Көптеген педагогтар арт-педагогикалық оқыту үрдісінде арт-тәсілдер қолдана отырып, мақсаттарды өнімді және прагматикалық шешуге тырысады. Ал мұндай мақсаттар көптеп кездеседі, оны шешуде нақтылы техникалық мәселелер, визуалды ой жүйелер, өз ойларын концептуализациялау және оны өнер мәдениет шеңберіне енгізу, күрделі жағдайлар шешімін табу, өзіндік проектилеу көркем білімнің басты тәсілдері. Сонымен қатар көркем білімнің басты жетістігі мен қуат күші ол, бәрінен бұрын осы проблемаларды шешу мүмкіндігін жеңілдету, білімгердің осы рухани танымдық, көркем шығармашылық ортаға енуіне ықпал ету. Онсыз рухани мәдениетті кәсіби маман даярлау мен қалыптастыру мүмкіндігі шектеулі немесе кәсіби қызметте рухани өсуді елестету қиын. Кәсіби қызметте руханилық пен өнер алаңын кеңейту үшін арт проектилер, арт тәсілдер қолдану шартты ұстанымды қажет етеді. Арт-білім мен тәрбие жай білім беріп қана қоймайды, ол сонымен қатар зейіндік ұстаным тудырып, білімді жандандыра отырып игеруге мүмкіндік туғызатын сыни ойлау мен креативті ойлауға да мүмкіндік береді. Түрлі сала мамандарын оқыту мақсаттарын анықтауда, осы арт-әдістердің көркем білімді игертудегі ұтымдылығын, интеллектуалдық-шығармашылық дағдылар мен іскерлік әдеттерін қалыптастыру тапсырмалары мен кейбір тәсілдері мынадай болуы мүмкін, олар: өнер түрлері мен ұлттық дәстүрлердің поликөркемдік тәсілдерін ұштастыра қолдану тапсырмалары; арт-білім шығармашылық тапсырмалары; қоршаған орта мен мәдениетті эстетикалық қабылдап көркем игеру; туынды мазмұнын көркем қабылдау; шығармашылық ой-қиял мен үрдістерді анықтау; көркем туындыны эстетикалық қабылдау мен образдық сомдаудың әдістерін меңгеру; дәстүрлі әдістер мен жаңа әдістерді салыстырмалы қолдану; көркем және рухани танымдық бейнелі ізденістер жасау; өнер мен мәдениет негіздерінің теориясы мен тарихын, тәжірибесін игеру; көркем білімді игеру тәжірибесін этнопедагогикалық тұрғыда қайта өңдеп жаңғыртып қолдана отырып оны белсендіре интенсифтендіру.

Білімгердің жеке тұлғалық шығармашылық потенциалын анықтауға бағытталған білім ғана, оқытудың рухани-ізгіліктік мазмұнын өнімді ету мен қатар пайдалы ете алады. Сондықтанда, өнер бағыттарында түрлі мамандық иелеріне арт ортаға еніп, қажетті білім дағдылар игеруге мүмкіндік туғызу жолдары қарастырылғаны жөн. Түрлі кәсіби сфералардағы болашақ мамандарға мамандықтың кәсіби қырларын игертуде, көркем жүйенің ұтымды рухани мәдени ұстаным негіздерін, ұлттық өнер дәстүрлерін кіріктіре қолдану - білім алудың бір кезеңінен, келесі кезеңіне өтуде академиялық кәсіби қызметтегі әрекеттерден рухани мәдениеттің актуальды мәнділігін игеруге мүмкіндік береді. Бұл кейін армандаған болашақ мақсаттарға жетуге және алға қойылған міндеттерді жеңіл де оңтайлы шешуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда арт-әдістердің көптеген варианттары мен қазіргі жаңа технологиялар мұндай прогрессивті білімге сан қырлы мүмкіндіктер туғызып оны инклюзивті, қол жетімді және барлық салада кәсіби етіп отыр. Қазіргі өнер мен технологиялық жетістіктер арт оқытуда интер-пәндік білім жүйесін де ұсынуда. Ол академиялық институциялардан олардың дәстүрлі техникалық, бір жақты өндірістік дағдыларды игертетін шартты схемалық бағытынан айналып өте отырып әлемдік көркемдік мәдени ортаға енді көздейді.

Мұндағы басты міндеттер: «Арт білім» пәні бойынша барлық ұсынылған теориялық және тәжірибелік оқу материалдарын меңгеру; студенттердің бойында өз ұлтының мәдени ерекшелігі жайлы түсінік пен интеллектуалдық білімін қалыптастыру; сезімдік аналитикалық ойлау қабілеті; студенттердің ғылыми-ізденіс бағыттарын жетілдіру; болашақ мамандық бойынша қызметте немесе өнер, ғылым форматында өз бетімен шығармашылық, ғылыми-ізденіс жұмыстарын жүргізе алатындай біліктіліктері мен өмірдің түрлі өзгермелі жағдайларына бейімділігін қалыптастыру.

Арт-білімде түрлі мамандықтар бойынша білімгерлердің тәжірибелік және кәсіби даярлықтарын белсендіру мақсаттарында өнер пәндерінің көркемдік, ұлттық-мәдени негіздері мен өзіндік байланыстарын кіріктіре қарастыру маңызды. Бұл байланыстар әр саладағы болашақ мамандардың қоғамдық және ұлттық мәдениетін байтып, көркемдік мінездерін саналы қалыптастыру мақсаттарын көздейді. Әрине осы мақсатта көркем өнер мен білім саласында гуманистік көркемдік мәдениеттің ғылыми негізде реттелген оқу негіздерінің комплексі жасақталуы қажет.

«Артпедагогика – отрасль педагогической науки, изучающая закономерности воспитания и развития детей средствами интегрированного воздействия искусства, целью, которой является помощь ученику в понимании общечеловеческих ценностей, сконцентрированных в искусстве» [13. С.70].

Арт білім пәні өнер түрлерімен, көркемдік мәдениетпен байланысты эстетикалық негіздегі көркем білім пәні. Арт білім мен тәрбие адамды өнер түрлері мен мәдениеттің эстетикалық рухани негіздері арқылы өзіндік танымдарын, өз мүмкіндіктерін, рухани адамгершілік сезімдерін және шығармашылық сапаларын қалыптастыратын адамды гуманистік тәрбиелеу құралы. Бұл пән қазіргі технократиялық өмірде қоғамдық гуманистік қажеттіліктен туындайтын мәселелерге шешім беру мақсатын көздейтін, барлық қоғамдық өмірдің моральдық сипатын қалыптастыру әдісі. Креативтілік пен шығармашылықтың бастау көзі. Түрлі тарихи құндылықтар мен мәдени көркем танымдық білім қорын қамтып, көркемдік білімдер мен рухани мәдениеттің өмірмен байланыстылығын қамтамасыз ету құралы. Мәдениет пен өнердің фундаментальді білім, машық, әдет дағдыларын барлық кәсіби салаларға қатысты игеру тәсілі. Арт білім пәнінде рухани мәдениет пен көркемдік таным қалыптастыру болашақ мамандардың қоғамды демократияландыру, ізгілікті қоғам қалыптастыру мақсаттарын түсініп шығармашылықпен жаңарту процесіне, оның өрісін кеңейтуге өз үлестерін қосуына ықпал етеді. «Жаңа Қазақстан» жағдайында білім жүйесіндегі гуманизация болашақ маманға адамзаттық және этномәдени құндылықтарды өнер мен мәдениет, педагогикалық өнертану, көркем және арт білім негіздері арқылы, болашақ мамандардың рухани адамгершілік, кісілік сапасы жүзеге асырылады. Арт білім пәні рухани құндылықтар мен ұлттық мәдениет негіздерін толыққанды игерген, шығармашылықпен қызмет атқара алатын болашақ креативті мамандарды даярлау міндеттерін алға қояды. Қазіргі жаһандық, аса жоғары технократиялық постиндустриалдық үрдіс жағдайында тоқырауға ұшыраған ұлттық және адамзаттық рухани құндылықтарды мамандық профилінде игеру, маманның адамгершілік қасиеті мен адами сапасын көрсететін қоғамдық өмірдің күрделі талаптарына сай жеке тұлғаның әділеттілік, шыншылдық, жанашырлық пен қайырымдылық қасиеттерін қалыптастырады.

Соңғы он жылдықтарда өнердің рухани және көркемдік эстетикалық маңызы мен мәні туралы мәселелер көптеп айтылып келеді және оған түрлі мән беріледі. Өнер мен педагогика интеграциясының әлеуметтік маңызы мен тарихи негіздеріне ғылыми талдаулар жасалынған. Өнер, мәдениет пен педагогика интеграциясының әсемдік пен руханилық, адамгершілік идеалдарын қалыптастырудағы мақсаттылығы мен жетілгендігін әлеуметтік, педагогикалық, өнертанымдық ғылымдармен байланыстырады. Өнер мен көркем білімге осыншалықты қызығушылық таныту, өнердің рухани-эстетикалық табиғилық концепциясының маңыздылығына сүйенуден туындайды. Жоғары рухани жетістік, мақсаттылық, гармониялық үйлесім өнер мен мәдениеттің басты мәні. Сондықтан да, қоғамдық өмірде моральдық адамгершілік пен руханилық тұрғысынан арт білім пәнінің әлеуметтік, рухани адамгершіліктік тәрбиелік мәні өте зор. Өнердегі эстетикалық және рухани құндылық өте жоғары күшке ие. Ал арт білім беруде түрлі көркем педагогикалық рухани танымдық, адамгершіліктік қисынды мәселелерді шешу үшін, өнердің эстетикалық руханилық міндеті мен қасиетін неғұрлым концентрациялы түрде қарастыруымыз қажет. Алайда жан-жақты жетілген «толық адамды» қалыптастыру өнердің көркемдік эстетикалық табиғаты мен қатар адамның барлық мәдени танымдық физикалық тән мен жанның өзіндік қызметтері үрдісімен байланысты екендігі белгілі. Моральдық адамгершілік саласындағы идеалдылық жан-жақты жетілген «толық адамды» қалыптастырудың басты қасиеттері.

Өнер мен көркем білімде адамзат рухани-әлеуметтік тәжірибе жинақтап өмірдің ақиқаттық кемелділігін игереді. Өнер мен көркем білімнің басты функциясының бірі руханилық пен адамгершілік, мәдени сана-сезім қасиеттерін дарыту. Мұнда өнер түрлері арқылы мәдениетке баулудың көркемдік тәрбиедегі негізгі нақтылы критерилері әдептілік, адамгершілік, руханилық, эстетикалық құндылықтылық мәнділіктер болып табылады. Сондықтан осы ретте арт білім берудегі поликөркемдік бағыт тұлғаны шығармашылықтың түрлі тәсілдерімен гармониялы үйлесімде дамытуды жолға қояды. Білім берудегі поликөркемдік бағыт өнер мен мәдениет түрлері арқылы өз табиғатына сай адамды тәжірибелік және рухани дамытуды нысан етеді. Көркем білім мен арт педагогика үндестігінде әмбебап поликөркемдік интеграциялық оқыту тәсілі педагогикалық мәдениеттанумен де тікелей байланысты технология. Аталмыш әдіс инновациялық оқытуда білімгердің шығармашылық потенциалын белсендіруге бағытталған. Мұндай инновациялық технологияларды қолдану нәтижесі білімгердің дарыны мен іскерлігін айқындайтындығын және оның сапалылығын психология және педагогика, тарих, математика, физика мамандықтары білімгерлерімен жүргізілген практикалық тәжірибелік сабақтар мен оның нәтижелері нақты деректермен қорытындыланып көрініс тауып отыр.

Нәтижелер. Осы мәселелерді ғылыми тұрғыда негіздей отырып өнер мен мәдениетті гуманитарлық, тарихи, жаратылыстану пәндерін оқыту үрдісінде тиімді қолдану оқытудың поликөркемдік бағытында жүргізілуі кіріктірілген арт-технологиялардың арт-педагогикалық әдістері көркем және этнопедагогикалық қызмет тоғысындағы заманауи білім кеңістігінің ширақтығы мен кеңдігін көрсетеді. Жалпы барлық пәндер біртұтас көркем танымдық мәдени тарихи, этнопедагогикалық ұлттықмәдениет контекстінде оқытылуы қазіргі күн талабы.

Өнер мен мәдениет арқылы білім беру арт-педагогиканың жаңа заманауи білім кеңістігі сарынында дамытудың болашағы тарихи дәуірлердегі өнер мен мәдени мұраларды жаңғырту, жас буынды руханилыққа тартудың үнемді де оптимальды тәсілдерін ізденумен анықталады. Мұнда әрине ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен электрондық білім ресурстары да жаңаша қарастырылады. Бұл жағдайлар елімізде білім беруде арт-педагогиканың жаңа заманауи білім кеңістігі саласын дамыту, оның жаңа формаларын қалыптастырудың басты көрінісі, жаңа бағыт бағдары.

Поликөркемдік таным - полимәдениеттілікті қалыптастыру көзі. Бұл өнер түрлерінің мәдениеттілікке баулудағы маңызды мүмкіндіктерін көрсетеді. Көркем шығармашылық жетіс-тіктері адамның әр сала мамандарының өмірге көзқарастарын тереңдетіп кез келген қызметте шығармашылықпен әрекет етуге баулиды. Мұнда өнер түрлері мен мәдениет, көркем білім мамандық салалары бойынша қандай формада және қандай деңгейде, қандай жағдайда және қандай бағыттарда қарастырылуы қажет екендігі анықталуы тиіс. Түрлі мамандықтар бойынша оларды неғұрлым эффективті қалыптастыратындығын анықтау қажет. Көркем білімге негізделген арт білімнің осы бағыттағы көркем-танымдық тәрбиелік функциясы, өнер мен мәдениеттің адамға әрекетті байланысы мен адамгершілік қасиеттердің қоғамдық функциясымен анықталады. Өнердің адам, қоғам өміріне, олардың қалыптасып дамуына ықпалы, оның күрделі де нақты айқын сезімдік әсерімен көрініс табатындықтан ол көркем және арт білім негізін қалайды. Өнер түрлері өзінің тақырыбы мен мазмұнын, идеялық көркемдік негіздерін қоршаған орта әлемінен алатындығы белгілі. Суретшілер мен өнер қайраткерлері өздерінің тақырыптары мен идеяларын қоршаған ортадан алып адамзат пен қоғам санасына сіңіреді.

Әрине, өнер мен мәдениеттің адам өміріне ықпалы оны қаншалықты қабылдай алумен, сезінумен, түсінумен және оның қасиеттерін өмірде шығармашылықпен қолдана білу қабілеттерімен тікелей байланысты. Ал осындай қабілеттілікті қалыптастыру өнер мен мәдениеттің көркем танымдық, ұлттық рухани құндылықтық көздерін, тәрбиелік мүмкіндіктерін толыққанды қолданудың міндетті түрдегі шарты. Сондықтан, нақты қандай бағытта және қандай жағдайда да, арт білім, арт-педагогика заманауи білім кеңістігі. Арт-педагогика өнер мен педагогиканың өзара үйлесімді байланысы мен көркемдік мәдениет негіздері арқылы көркемдік қызмет түрлерінің көмегімен жалпы өзіндік эмоционалдық-сезімдік әсерленумен, қандайда кәсіби қызмет

саласындағы шығармашылық үрдісте адамзаттық құндылықтарды игеруге бағдарланған білім-таным жүйесі. Арт-педагогиканы ғалымдар О.М. Корженко и Е.А. Заргарьян [14] өнер мен педагогика байланысындағы педагогикалық қызмет түрінде қарастырса, ал ғалымдар Медведева Е.А., Левченко И.Ю., Комиссарова Л.Н., Добровольская Т.А. [15], т.б. педагогика, психология, өнертану ғылымдары тоғысында өнер тәсілдерін қолдану негізінде адамгершілік эстетикалық тәрбие беру мәселерін талдап тұжырымдар жасайды. Өнердің әлеуметтік функциясымен қатар оны рухани-эстетикалық маңыздылығын да түсіне білу керек. Көркем білім мен тәрбиеде өнер функциясын сол өнердің өзінен ғана емес, оның адам мен қоғам қатынасында тұтас қарастыру оның мәнін толық түсінуге мүмкіндік береді. Бұл мәселеде өнер мен мәдениеттің адам мен қоғамға, қоршаған ортаға ықпалын зерттеп көрсету маңызды болып отыр. Оның мәнісі суретшілер өзіндік идеялар мен образдарды қоршаған ортадан, адам мен қоғамнан алады. Шын мәнінде өнер мен мәдениеттің адам мен қоғамға ықпалы қаншалықты және жаңа дәуірдің ұмтылысына сәйкестігі де осы мәселелерге байланысты зерттелуі тиіс. Өнер мен мәдениеттің адам мен қоғамға әсері олардың бойындағы әлеуметтік қуаттылық пен өнер потенциясында тұрақтап отырады. Қандайда бір адам мен қоғамның өнермен қарым қатынасы адамның рухани танымы адамгершілік қасиеттері тұрғысында қарастырылуы тиіс. Суретші мен өнер, өнер мен өнерді қабылдаушы адам өзара байланысты бір тұтастықта, оның рухани көркем тәрбиелік мән-мазмұны және эффективтілігі арта түсетіндігі осыдан туындайтын қуаттылықта. Біздің қазіргі үдемелі дәуірдегі күрделі құрылымдық қоғамда, өнер мен мәдениет жетістіктері мен рухани және материалдық құндылықтармен қатынас орнату, оны игеру оған нақтылы баға беруге мүмкіндік береді.

«Как отмечает ЮНЕСКО, укрепление творческого потенциала и повышение уровня информированности в области культуры в XXI веке – это трудная и важная задача, решения которой избежать нельзя. Все силы общества должны быть мобилизованы на то, чтобы новые поколения приобрели требуемые знания и навыки и, что еще более важно, сделали выбор в пользу ценностей, моделей поведения, этических принципов и нравственных ориентиров, которые позволят им стать ответственными гражданами мира и гарантами стабильного будущего» [16].

Арт білім пәнінің осындай ғылыми шығармашылық деңгейде қарастырылуы болашақ мамандар бойына қоғамдық көркем ой мен көркем мінезді қалыптастырудағы әсері мен қосар үлесі қомақты екендігіне толық көз жеткізуге болады. Мұнда үлгі тұтар көркем мінез ата-баба салт-дәстүрінен, рухани құндылықтар мен мұралардан мирас етіп алынады. Яғни, түрлі сала мамандарының көркем мінездері мен рухани танымын қалыптастыру басты мақсат болғандықтан ұлттық мәдениет пен өнер түрлерінің жарқын үлгілері қолданылады. Олар ұлттық мәдениет пен этномәдени құндылықтар, бейнелеу өнері түрлері, қолөнері, заманауи ұлттық өнер этнодизайн, музыка, ауыз әдебиеті, фольклор, көркем әдебиет пен поэзия, би, театр, кино барлық ұлттық өнер түрлерінің синкретті негіздері. Мәдениеттің көркем өнер мен тікелей байланысы, өнер түрлеріндегі көркемдік пен әсемдік, рахымдылық пен руханилық, эстетикалық пен этикалық, әдеп пен адамгершілік мотивтердің білім тәрбиелік мәні адам дамуына өте зор импульс береді. Сондықтан көркем өнер түрлерінің негізінде мәдени сипаттардың халық мәдениетімен, ділімен, тілімен өзара байланысы көркем педагогикалық, педагогикалық өнертанымдық бағытта зерттелуі тиіс. Мұндағы басты себеп, көркем өнер рухани бастаулар көзі екендігі. Көркем таным мен ұлттық мәдениет, жалпы адамзаттық құндылықтар бүкіл әлем адамзатына тән құбылыс. Арт білім бастаулары көркем ойлар, руханилық, түрлі өнер бағыттары, тенденциялар, ағымдар, өнер түрлері мен стильдері, жанрлары мен мотивтері түрлі бағыттар мен тәсілдермен тәрбие негіздері өнер мен ұлттық мәдениет түрлерінде көрініс табады. Арт білімді оқыту үрдісінде көркемдік тәрбие мен адамгершілік-имандылық мінез қалыптастыру ыстық ықылас пен терең құлшынысты қажет етеді. Қандайда мамандықты игеруде білім, тәлім-тәрбие, рухани таным, этникалық әдеп, көркемдік ұстаным барлығы ізгі мінез құлықты, жақсы қасиеттерді қалыптастырады. Қазақ ұлттық халықтық арт-педагогикалық негіздері (петроглифтер, пиктограммалар, таңбалар, бедерлер,

мүсіндер, балбалдар, сақ-аң стилиндегі мұралар, зергерлік бұйымдар, бейнелер, колөнер түрлері, фольклор, саз-сарындар, ән-күй, би, ұлттық ойын түрлері, аңшылық саяттық өнер түрлері т.б.), осы халық салт-дәстүлері мен, ұлттық әдет-ғұрпынан бастау алады. Қазақ халық педагогикасында адамға білім, тәлім-тәрбие беруде қайырымды қылықтар мен игілікті істерге ынталандырып, табиғат тылсымынан дарыған ғұрыптық көркем мінезге баулу, ұлттық өнер түрлерінің сиқырлы сырын, қазақ этникалық мәдениетін теориялық және тәжірибелік игертумен жүзеге асады. Ал осы халықтық салт-дәстүр, ұлттық өнер түрлері мен мәдениет руханилық пен ізгілікке құштарлық туғызып, іс-әрекетті заман талабына сай белгілі бір парасатты мақсатқа бағындыратындықтан, ол *халықтық арт-педагогика* негізін қалайды. Адамгершіл ізгілікті, қайырымды қылықтар мен игілікті істер өнер мен білім, ғылым болашақ маман дүниетанымын қазақ ұлттық мәдениетіне сүйене отырып, халықтық арт-педагогика әлеуметтік даму мен оның тәсілі ретінде тұрмыстық және кәсіби рухани күш жігер береді. Үлгі тұтар көркем мінез ұлтымыздың рухани мұралары мен құндылықтарынан, халық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан даритындығын естен шығармауымыз керек. Осыдан халықтық арт-педагогиканың негізгі басты әдісі мен мақсаты, ол адамгершіліктік-кісілікті, қайырымды қылықтар мен ізгіліктік-игілікті істер мен парасаттылықты өнер мен ұлттық мәдениет арқылы маман бойына дарыту болып табылады. Бұлар қазақ ұлттық өнер түрлеріндегі (қазақ фольклоры, ауыз әдебиеті, поэзиясы, ән-күй, музыка, би өнері, қол өнері мен бейнелеу өнері т.б.) халықтық этнопедагогикадағы, қазақ ата-тегінің мәдениеті мен өнерінен дарыған дүниенің ұлттық образы, қазақтың этникалық ұлттық менталитетінен бастау алатындығын тарихи, философиялық, педагогикалық психологиялық зерттеулерден көреміз: тарихшылар - С.Д. Асфендияров, Л.Н. Гумилев, М.Қозыбаев, Т.Омарбеков, М.Қойгелдиев, т.б.; философтар - Д.Кішібеков, Ә.Нысанбаев, М.Орынбеков, К.Нурланова, А.Қасабеков, Ғ.Есімов т.б.; педагогтар - А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, С.Ұзақбаева, М.Х. Балтабаев, т.б.; психологтар – Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, М.Мұқанов, К.Жүкеш, Т.Сәрсенбаев, С.Нұрматов, т.б. Сөйтіп осы негізде артпедагогиканың бұл этнопедагогикалық тәсілі әр білімгердің рухани, әлеуметтік мінез-құлқына әсер етіп, адамгершілік қасиеттерді дарытуда шешуші рөл атқарады. Себебі, ол оның санасында орнығып оның кәсіби құзыреттілік жолын айқындап, түрлі өмір сәттеріне қисынды әсер етіп бағдар береді, көрікті мінез-құлық дарытып кәсіби маманды жан-жақты көркем мінезді тұлға етеді.

Ғылыми пікірлер. Қазіргі таңда адам танымы визуалдық бейнелі көру танымына, визуалдық қасиеттерге бейімделіп көбірек жүгінетіндігін күнделікті өмірден де, ғылыми ізденістерден де байқаймыз. Осы тұрғыда фрактальды сурет тәсілі Бенуа Мандельброт, ноосфера туралы тұжырымдарында Евгении Файдыш және Макс Люшер еңбектерінде көрсетілген. Мұнда адам қол қимыл әректі мен психикалық күйіндегі сезімдік байланыс туралы нұсқаулары арт тәсілдің маңызды түрі адамның шығармашылық қасиетіне ықпал ететіндігімен ерекше. Сондай-ақ, арт тәсілдер цифрлық өнер түрлерінде де кеңінен қолданылуда [17]. Мысалы, ақпаратты визуалдандыру мәселелері де ғалымдар еңбектерінде көрініс тауып отыр. Ақпаратты рәміздер, образдар, графикалық бейнелермен визуалдандыру тәсілдері жазба мәтіндерден гөрі ақпараттарды эффективті қабылдауға ықпал ететіндігі де ғалымдар зерттеулерінде дәлелді тұжырымдалған [18].

Сана бейнелі карталары (Mind Maps) зияттық карталары да осы ақпараттар мен мәтіндерді визуалдандыру арқылы адам санасына жеңіл сіңіру тәсілдерінің айқын мысалы [19]. Сонымен білім беру мен оқытудағы инновациялық арт әдістер түрлі визуалдық ой жүйелер, ассоциациялық рәміз бейнелер қойылған мақсаттар мен мәселелерді тез қарастырып шешуге мүмкіндік береді. Шығармашылық потенциалды арттырудың басты көзі және дамытудың инновациялық арт тәсілдері болып, үдемлі түрде қоғам өркениеті мен арт білім мен көркем білім жүйесінде аса маңызды инновациялық рөл атқарып келеді. Мысалы, шет елдік ғалымдар өз зерттеулерінде жеке тұлғаны дамыту көзі көркем шығармашылықты ынталандыру болса, ал пәнаралық кіріктіру, интеграция тәсілдері жаңа тәсілдермен білімгерді жүйелі тәжірибелермен шығармашылыққа белсендіріп шабыттандыратындығын дәлелдеп көрсетеді [20], [21]. Визуальдық арт әдістер көбінде әмбебапты болып креативті бағдарламалармен, шығармашылық үрдістермен

тығыз байланыста қолданылады. Креативті бағдарламалық әдіс формальды техникалық тапсырмаларға қарсы жеке көркем құралдар жасауға қажетті қасиеттермен ерекшеленеді. Мұнда арт педагогикалық қызметтің әдістері көркемдік, визуалдық, перцептуалдық, концептуалдық түрлерде мәдениетпен өнердің түрлі салаларындағы құрал тәсілдермен орындалуы мүмкін. Арт әдістерді бейнелік, музыкалық, қимыл қозғалыстық, театралдық, имитациялық, анимациялық, аралас көркем техникалық т.б көркем бейнелі ой жүйелі техникалық тәсілдер мен материалдар жүйесі ретінде қарастыруға болады.

Қорытынды. Арт білім әдіс-тәсілдерін, оны оқыту технологияларын анықтап қолдану болашақ мамандарды даярлауда олардың көркемдік рухани танымын, көркем мінезі мен сезімін, интеллектуалдық қуатын қалыптастырып дамыту жолдарын қарастырады.

Арт білім, арт-педагогика заманауи білім кеңістігі. Халықтық арт білім жүйесі көркем мінез қалыптастыруды белсендіру үрдісіндегі рухани білім-таным негіздерін игертуде сезімдік интеллектуалдық күйді интенсификациялау тәсілдерін қолданады. Білімгердің өнер мен мәдениет негіздерін игеруде оны сезіну қажеттіліктерін қалыптастыру, көңіл күй мен ой жүйесін пән сабақ мазмұнымен ұштастыра отырып басты мәселе ретінде көрініс беру, осы этнопедагогикалық негіздерге сүйенеді. Зертеуде оған жатқызуға болатын көрсеткіштер анықталды, олар:

- ұлттық дүниетанымдық қасиеттер мен адами құндылықтарды кіріктірілген арт технологиялар қолдана отырып халықтық артпедагогикада игеру;
- көркемдік этномәдени және этнопедагогикалық үрдістер байланысында ұлттық өнер түрлері арқылы көркем білім мен рухани тәрбиеге баулу негізінде рухани сезімді дамыту;
- халқымыздың дүниетанымының этникалық мәдени тамырлары негізінде, көркем өнер арқылы гуманистік рухани білім мен тәрбие беруге алғышарттар жасау;
- ұлттық өнер мен мәдениет үлгілерін қолдану арқылы болашақ мамандардың көркемдік санасы мен рухани танымын қалыптастыру;
- арт білім беруде этникалық білім мен көркемдік тәрбие негіздерін жаңғыртып қолдану;
- қазақ халқының тарихи және мәдени ескерткіштері мен жәдігерлерін, рухани көркем мұраларын саралай отырып көркем өнерге баулу, оның этникалық мәдени тәлім-тәрбиелік мәнін сабақтастық үрдісінде толықтыру;

Қазіргі өркениеттің постиндустриалдық дәуірге енуі қоғамдағы барлық салаларда шығармашыл тұлға рөлі мен статусын жаңа санатқа көтеріп отыр. Қорыта келгенде кіріктірілген арт-технологиялардың арт-педагогикалық әдістері көркем және этнопедагогикалық қызмет тоғысындағы білімгерлердің көркемдік мәдениеті мен ізгілікті рухани әдеп тәрбиесін дамыту тенденциясы халықтық арт-педагогиканың мәнін құрайды.

Әдебиеттер:

1. Кенжебаев Г.К., Оспанов Б.Е., Айтбаева А.Б., Музафаров Р.Р., Слтанова М.Э., Шайгозова Ж.Н. *Артобразование: Учебник для вузов.* - Алматы: КазНПУ им. Абая, 2013. - 306 с.
12. Тарасова Н.И. Классический танец. Школа мужского исполнительства // Н.И. Тарасова – М., Искусство, 2019., 8 изд.

13. Ворохова М. Личный блог.inst: tam_dance . 2020.

14. Иванова И.А. Хореографическое искусство и образование: традиции, проблемы и перспективы развития: материалы Всероссийской науч.- практ. конф. / отв. ред. Н.В. Даренская. – Омск: Изд-во Ом. гос. ун-та, 2012. – 100 с.

15. Шарапова А.И. Методическая разработка. // А. И. Шарапова. Роль концертмейстера на уроках хореографии. – М., 2015. – С. 94.

УДК: 378.02:37.016

МРНТИ: 14.35.09

Какимова Л.Ш.¹, Байжунусова Л.А.²

¹ к.п.н., и.о. профессора, Институт Искусств, культуры и спорта при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

² Отличник культуры РК, преподаватель
Республиканского эстрадно-циркового колледжа имени Жусипбека Елебекова,
г. Алматы, Казахстан

ХОРМЕЙСТЕРСКАЯ ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МУЗЫКИ В УСЛОВИЯХ ДУАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ

Аннотация

В статье раскрывается значение дуального обучения в подготовке будущих учителей музыки в русле хормейстерской подготовки. Рассматривается актуальность, сущность и содержание дуального обучения в рамках хормейстерской подготовки будущих учителей музыки. Уточняются методы и приемы работы, анализируются некоторые виды вокально-хоровой работы учителя музыки в качестве хормейстера на уроках музыки в школе. Теоретический анализ по данной проблеме в условиях дуального образования рассматривается в данной статье с ориентиром на хормейстерскую подготовку специалиста, результаты которого были апробированы в процессе наблюдения и эксперимента во время педагогической практики студентов выпускных курсов. Внедрение основных результатов исследования в педагогическую практику, методическая направленность в контексте специфики подготовки будущих учителей музыки в условиях дуального обучения приводит к обоснованию исследуемой проблемы и выявлению его результатов.

Ключевые слова: дуальное обучение; хормейстер, учитель музыки; урок музыки; хормейстерская подготовка.

Л.Ш. Какимова¹, Л.А. Байжунусова²

¹ п.г.к., профессор м.а., Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институты,
Алматы қ., Қазақстан

² Жүсіпбек Елебеков атындағы Республикалық эстрада-цирк колледжінің оқытушысы,
ҚР Мәдениет саласының үздігі, Алматы қ., Қазақстан

ДУАЛЬДІ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ МУЗЫКА МҰҒАЛІМДЕРІН ХОРМЕЙСТЕРЛІК ДАЯРЛАУ

Аңдатпа

Мақалада хормейстер дайындығына байланысты болашақ музыка мұғалімдерін дайындаудағы дуальды оқытудың маңыздылығы ашылады. Болашақ музыка мұғалімдерін хормейстерлік даярлау шеңберінде дуальды оқытудың өзектілігі, мәні мен мазмұны қарастырылады. Жұмыстың әдістері мен тәсілдері нақтыланады, музыка мұғалімінің мектептегі музыка сабақтарында хормейстер ретінде вокалды-хор жұмысының кейбір түрлері талданады. Дуальды білім беру жағдайында осы мәселе бойынша теориялық талдау осы мақалада маманның хормейстерлік дайындығына назар аудара отырып қарастырылады, оның нәтижелері бітіруші студенттерінің педагогикалық практикасы кезінде бақылау және эксперимент процесінде тексерілді. Зерттеудің негізгі нәтижелерін педагогикалық практикаға енгізу, дуальды оқыту жағдайында болашақ

музыка мұғалімдерін даярлау ерекшелігінің контекстіндегі әдістемелік бағыт зерттелетін проблеманы негіздеуге және оның нәтижелерін анықтауға әкеледі.

Түйін сөздер: дуалды оқыту; хормейстер, музыка мұғалімі; музыка сабағы; хор хормейстерлікке даярлау.

Kakimova L.Sh.¹, Baizhumusova L.A.²

¹ candidate of pedagogical sciences, the associate professor, Institute of Arts, culture and sport at, KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan

² Excellence in Culture of the Republic of Kazakhstan, teacher of the Republican Variety and Circus College named after Zhusipbek Elebekov, Almaty, Kazakhstan

CHORMEASTER TRAINING OF FUTURE MUSIC TEACHERS IN THE CONDITIONS OF DUAL LEARNING

Abstract

The article reveals the importance of dual learning in the training of future music teachers in line with choirmaster training. The relevance, essence and content of dual learning within the framework of choirmaster training of future music teachers is considered. The methods and techniques of work are specified, some types of vocal and choral work of a music teacher as a choirmaster in music classes at school are analyzed. The theoretical analysis of this problem in the conditions of dual education is considered in this article with a reference to the choirmaster training of a specialist, the results of which were tested during observation and experiment during the pedagogical practice of graduate students. The introduction of the main results of the study into pedagogical practice, methodological orientation in the context of the specifics of training future music teachers in dual learning leads to the justification of the problem under study and the identification of its results.

Keywords: dual training; choirmaster, music teacher; music lesson; choirmaster training.

Введение. В последние годы в системе педагогического образования и повышения квалификации все большую популярность получает новый вид обучения – дуальное образование. И связано это, в первую очередь, с практико-ориентированностью без отрыва от основного вида деятельности обучающихся, то есть от обучения.

Истоки данной практики берет свое начало от системы западно-европейских стран, перешедшая в дальнейшем в российскую, а следом и в отечественную индустрию, опыт которого указывает на эффективность менторства, наставничества и качественный подход к подготовке будущих специалистов [1]. Стоит отметить, что для педагогического образования дуальное образование остается главным трендом и стимулом для привлечения работодателей, повышения качества образовательных программ и расширения компетенций будущих педагогов.

Реализация дуального образования в Казахстане в последние годы показывает ряд положительных достижений и преимуществ:

- рассмотрение данного вопроса на уровне трудового кодекса и его реализация на правовой базе с открытием трудового стажа для выпускников вузов;
- академическая свобода вузов в решении внедрения дуального обучения (периоды, сроки, указанные в образовательных программах и политики университета, совместная работа и сотрудничество).

Благодаря сотрудничеству между вузами и школами, а также с заметным внедрением в практику преподавания содержания обновленной программы среднего образования, возникла необходимость обновления политики и содержания самой педагогической практики студентов и уточнения профессиональных компетенций будущих специалистов в подготовке их к педагогической деятельности. Не обошло строной это направление и педагогику музыкального

образования. Ярким примером дуального образования в свете содержания обновленной программы среднего образования по предмету «Музыка» [2] стало внедрение в политику и содержание образовательных программ дуального обучения, когда студенты-практиканты обучаясь в вузе имеют возможность в определенный период находится в общеобразовательных школах и апробировать на практике свои знания, умения и навыки. Поводом того, чтобы практикоориентировать стала неотъемлемым качеством в подготовке будущих учителей музыки к педагогической деятельности, это явилось новый подход к учебному процессу в вузе, что не вызывает сомнений в ее актуальности, а только подкрепляет требования к специалисту для овладения широкими навыками и компетенциями, необходимые ему в дальнейшем в своей самостоятельной педагогической работе.

Методология исследования.

Использование дуального обучения при обучении музыки – это базис современного образования в подготовке будущих специалистов. Сегодня все больше педагогические университеты применяют данный подход для оптимизации своей деятельности и реализации результатов образовательного контента. Стоит отметить отличительные особенности в рамках дуального обучения. Это может быть:

- «погружение» студентов в педагогическую деятельность в период прохождения педагогической практики
- знакомство студентов с рядом инновационных практик обучения с апробацией их на практике
- изучение программы «Музыка» в нетрадиционном формате;
- использование приемов моделирования уроков музыки при составлении различных типов и видов урока;
- параллельное развитие организационного навыка с отработыванием исполнительских, творческих и коммуникативных навыков для востребованности, актуальности и полезности в работе со своими учениками;
- преемственность наставнического опыта и менторства.

А самое ценное во всем этом – это получение колоссального опыта работы с детьми.

«Какие эффективные приемы развития можно использовать будущим учителям музыки на занятиях с детьми по вокально-хоровому пению?» - вопрос риторический. И все же стоит полагаться на том, что учитель музыки выступает перед школьной аудиторией не только в качестве лектора, организатора, но и как хормейстер, руководитель вокально-хоровой группы или класса. И здесь встает дилемма: «Как научить школьников осмысленному восприятию вокально-хоровой музыки? Как проводить вокально-хоровое обучение?», чтобы в условиях обновленного содержания программы музыки оставить время не только на обхват занятий по музыке, но и вовлекать школьников в большой мир музыкального искусства, где хоровое пение имеет немаловажное значение для формирования общей музыкальной культуры, для развития музыкального слуха, способностей и т.д.

Однозначно одно, прежде чем начинать хоровые занятия, следует отобрать наиболее музыкально-одаренных детей из числа детей определенного класса, которые в дальнейшем будут «держат» основную хоровую партию, а остальные ученики интонационно и ритмически «подстраиваться» к ведущим партиям; провести предварительный первый урок на котором следует разъяснить им основные правила и требования к вокально-хоровым занятиям, разделить детей по хоровым партиям в зависимости от типа певческого голоса.

Будущий учитель музыки в подготовке к своим урокам, должен задать себе вопрос: «Как внести креативность в свои уроки? Как заинтересовать школьников к хоровому пению?». Поэтому, он должен знать хорошо хоровой репертуар, возрастные особенности детей, их психолого-педагогические потребности и мотивы деятельности и т.д.

Вокально-хоровой репертуар был и есть основным инструментом в вокально-хоровой работе. Поэтому его предварительный подбор и отбор также имеет немаловажное значение.

Актуальность учебного репертуара в хормейстерской подготовке вслед за известными педагогами-дирижерами в этой области (С.А. Казачков, И.А. Мусин, К.А. Ольхов, А.Сивизьянов и др.) подчеркивает и С.Т. Балагазова [3], которая считает, что это «развивает образное мышление, творческую активность и обогащает интонационный слушательский опыт», которая направлена на «художественную и эстетическую ценность» в раскрытии и понимании музыкального произведения.

Следует также учитывать оснащенность аудитории музыкальными атрибутами для проведения занятий по вокально-хоровой работе; проведение бесед о хоровой музыке и хоровом исполнительстве; приветствуется также посещение концертов, выступлений вокально-хоровых коллективов.

Перед проведением хоровых занятий будущий учитель музыки составляет собственный план его проведения:

1. Изучает класс обучающихся как единый хоровой коллектив с учетом их индивидуальных особенностей и возможностей, то есть в приоритете берется - обучение .
2. Составляет для выполнения школьниками вокально-хоровой репертуар.
3. Разбирает содержание вокально-хорового репертуара.
4. Гипотетически выстраивает совместную вокально-хоровую работу со школьниками
5. Разрабатывает итоговую работу в форме открытого урока или планирует академическое концертное выступление.

И конечно, стоит отдельно остановиться на проблемах с которыми может встретиться будущий учитель музыки занимаясь вокально-хоровой подготовкой. Это может быть:

- недостаточное овладение приемами понимания вокально-хоровых произведений и умения их анализировать;
- недостаточное владение методикой вокально-хоровой работой над сложными фрагментами произведения, в том числе и двухголосия, полиритмикой, работа над унисоном и т.п.
- недостаточно грамотное и правильное распевание хора и другие.

Для преодоления таких трудностей ученые рекомендуют в индивидуальном классе по дирижированию проводить следующую подготовку в освоении и закреплении дирижерско-хоровых знаний и навыков:

1. Закрепить музыкально-теоретические знания по теории музыки (мелодия, интервалы, ритм, темп, размер, фактура произведения, гармония, модуляция и прочее).
2. Освоить и закрепить основы хорового исполнительства (тембр хоровых партий, ансамбль партий и хора, строй в хоре, работа над дикцией, выразительностью орфоэпии, регистр партий и всего хора, диапазон, тесситура и переходные ноты, возможности хора и т.д.).
3. Освоить особенности выразительного исполнения хоровых произведений (агогика, динамика, темп, штрихи, кульминация, способы работы над ансамблем и строем).
4. Знать особенности хормейстерской работы в работе со школьным хором (возрастные особенности детей, периоды мутации голоса, дыхание, подача звука, выразительность пения, репетиционная работа, концертное исполнение и т.п.) [4].

Консультации педагогов по дирижированию позволяют своевременно направить в правильное русло вокально-хоровую работу будущему учителю музыки, рекомендации которых значительно приблизят его умением апробировать навыки на практике, тем самым синтезировать теорию и практику в подготовке к хормейстерской подготовке.

Одним из факторов коммуникации между будущим учителем музыки и его учениками, ссылаясь на работы ученого Л.С. Майковской, мы указываем на важность эмпатии, как способности сопереживанию в художественно-педагогическом общении [5]. Непринужденная беседа о музыке, хоровых коллективах, и самое важное – восприятие вокально-хоровой музыки, позволяет эмоционально обогатить музыкальные уроки, развить эмоциональную отзывчивость на музыку участников хора. Музыкально-психологические знания, методические рекомендации, полученные студентами на занятиях по базовым и профилирующим дисциплинам, помогут им

адаптироваться и к школьной программе, к проведению уроков музыки в качестве учителя. Педагогическая практика закрепляет эти знания и компетенции, позволяющее приблизиться к сущности педагогической деятельности.

В классе по дирижированию хором преподаватель дает советы не только как организовать хор, но и над какими методами и приемами необходимо работать будущим специалистам и совершенствовать свои навыки, указывают авторы учебного пособия [6]. В частности, как:

- работать над хоровой партитурой: игра на фортепиано, исполнение хоровых партий;
- работать над репетиционным жестом;
- сделать музыкально-теоретический и вокально-хоровой анализ произведения;
- сделать исполнительский анализ, уточнить исполнительские трудности;
- уточнить трудности и методику работы над произведением;
- дирижировать произведение под сопровождение инструмента;
- составить план работы над произведением;
- подготовить для исполнения хоровые партии хора;
- проводить сводные и разводные репетиции и многое другое [6, С. 51-52].

В результате дуального обучения студент-практикант:

✓ Получает представление о базовых аспектах преподавания и связи готовности детей к обучению музыки с их возможностями (когнитивные навыки).

✓ Овладеет прикладными методами, основанными на усвоение школьниками элементарных музыкальных знаний и навыков, и их применением на практике (исполнительские навыки).

✓ Научится разрабатывать учебные занятия по музыке и уроки с использованием различных методов и приемов работы, в том числе вокально-хоровыми методами, с выстраиванием их в традиционную систему школьного образования (организаторские навыки).

✓ Освоит основные компетенции, необходимые ему в будущей музыкально-педагогической и хормейстерской деятельности (предметные навыки).

✓ Сможет проводить уроки музыки с использованием методики вокально-хоровой работы в процессе дуального обучения (профессиональные навыки).

Применяя дуальный подход в образовании будущие учителя музыки смогут:

• Скорректировать «слабые стороны» своей деятельности.

• Повысить эффективность как обучения, так и образования.

• Развить предпосылки успешного овладения педагогической техникой и методикой преподавания музыки.

• Устранить проблемы в общении с детьми и адаптироваться к новым педагогическим условиям.

• Применять различные методы и формы обучения на практике, внедряя креативность и творческий подход к успешному преподаванию.

• Улучшить свои педагогические навыки, предметные и профессиональные компетенции.

Результаты исследования.

Дуальное обучение в университете реализуется в разделе педагогической практики, благодаря которому студенты осваивают свою специальность, свою профессию на базе школ. Форма обучения по дуальному обучению определенная образовательной организацией проводится в режиме 2 + 4 на выпускных курсах и 3+3 на базе 3-го курса (на период 2020-2022 учебного года).

Реализация проекта дуального обучения проходит успешно на базе школ г.Алматы, в котором участвуют студенты образовательной программы «БВ01402-Музыкальное образование».

В процессе реализации программы дуального обучения к хормейстерской подготовке были разработаны требования, помогающее отработать теоретические знания и вокально-хоровые навыки на практике. А именно:

✓ распеть хор,

✓ отработать репетиционный жест в показе вступлений, аутфактов, цезур и снятий,

- ✓ дирижировать произведениями различного по характеру и вокально-хоровым особенностям содержания и трудностей,
- ✓ аккомпанировать себе в процессе исполнения в ансамбле с хором,
- ✓ отработать сложные фрагменты партитуры,
- ✓ выстроить строй и ансамбль в пении,
- ✓ отработать навыки пения в унисон или исполнение несколько партий в два голоса и более,
- ✓ организовать и проводить репетиционные работы с хоровым коллективом,
- ✓ передать эмоционально-художественную образность в концертном исполнении и другие.

Результаты дуального обучения в хормейстерской подготовке будущих учителей показал качественную подготовку и ответственность к своей будущей профессии. По результатам своих наблюдений в воплощении вокально-хоровой работы в хормейстерской подготовке будущих учителей музыки в практике дуального обучения мы отмечаем:

- возможность любого студента устранить свои пробелы в знаниях;
- развитие умения видеть свою самостоятельную работу и находить способы творческой реализации;
- осознание студентами умения самостоятельно приобретать новые знания и их закреплять на практике в своей работе в школе;
- опираясь на теоретические знания и фактический музыкальный, в частности, вокально-хоровой репертуар, формирование собственной точки зрения и получения практического опыта;
- осмысление в применении полученных знаний, умений и навыков в будущей своей педагогической деятельности;
- овладение культурой общения в умении коммуницировать с детьми, с учителями-методистами.

Из вышесказанного вопрос хормейстерской подготовки будущих учителей музыки в процессе дуального обучения можно отразить схематично, указанной на рисунке №1.



Рисунок №1 - Дуальді оқыту үдерісінде болашақ музыка мұғалімдерді хормейстерлік даярлау.

Таким образом, дуальное обучение в подготовке будущих учителей музыки к хормейстерской деятельности повышает интерес к совершенствованию самого процесса преподавания, ориентированной на ученика, закрепляя полученные в теории навыки и компетенции работы с хором, а также выявляет лучших для работодателей, которые получают возможность трудоустроить знающего специалиста, получивший опыт работы с обучающимися у него в школе. Поэтому зачастую дуальное обучение по высказыванию исследователей, отождествляется как профессиональное образование в подготовке кадров; а по педагогическим специальностям – это один путей решения не только трудоустройства, но и определенный вклад в развитие педагогического образования в целом.

Выводы и заключение.

Как особая форма обучения, предполагающая рассмотрение образования через призму национальных реформ, разбора учебной программы, изучения модели современного подхода к процессу обучения, в рамках которой разрабатываются образовательные стандарты, обновляются формы и виды обучения и оценивания с использованием современных педагогических технологий, дуальное обучение в последние годы широко вошло в обиход современной системы образования, затронув различные аспекты всей системы, начиная от мотивированности, практико-ориентированности до сотрудничества в сфере менторства и наставничества, совместной разработки образовательных программ в подготовке будущих специалистов.

Необходимость выпускникам овладение компетенциями для качественной и успешной педагогической деятельности подчеркивает приоритетное значение дуального обучения в практике преподавания музыки, в частности.

Выводы, к которым мы пришли в результате наблюдений и анкетирования, сводятся к следующим:

1. В процессе дуального обучения будущие учителя музыки могли самостоятельно работать над техникой дирижирования, играть произведения на инструменте, дирижировать, распевать хор, работать над репетиционным жестом, следуя методическим рекомендациям, полученные в классе от преподавателей, тем самым ответственнее подходить к избранной профессии синтезируя в своем обучении теорию с практикой.

2. Постоянно выполняя вокально-хоровую работу в классе с детьми, прислушиваться к мнениям учителей музыки, преподавателей и методистов практики, студент начинает хорошо ориентироваться в музыкально-педагогической деятельности, овладевает культурой профессионального общения.

3. При дуальном обучении устанавливается контакт между студентами-практикантами и учителя музыки в школе, который приводит к активному взаимодействию, что позволяет ориентироваться на совместное творчество.

4. Результаты наблюдений, выполнение будущими учителями музыки практических работ и концертное исполнение, позволяет сделать вывод о преимуществе дуального обучения по сравнению с традиционным методом.

Литература:

1. Дуальное образование [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://ru.wikipedia.org>. - [Дата обращения 25.10.2022].

2. Особенности организации образовательного процесса при изучении учебного предмета «Музыка» // Режим доступа: <https://docplayer.ru/54806073-Osobennosti-organizacii-obrazovatel'nogo-processa-pri-izuchenii-uchebnogo-predmeta-muzyka.html>. – [Дата обращения: 11.11.2022 г.].

3. Балагазова С.Т., Накибаева З.Н. Особенности хормейстерской подготовки бакалавра музыкального образования // Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Художественное образование: искусство – теория – методика», №2(51), 2017 г. – С.99 -104.

4. Ахметова А.Қ., Апсаматова Р.Д. Болашақ музыка мұғалімінің хорды дирижерлау мәселелері // Вестник КазУПУ им. Абая, серия «Художественное образование: искусство – теория – методика», №1(66), 2021. – Б.57-60.

5. Какимова Л.Ш. Музыкальность в русле проблемы музыкальных способностей в хороуправленческой деятельности педагога музыканта // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Художественное образование: теория – искусство – методика», № 4 (37), 2013. – С. 33-36.

6. Хор пәндерін оқыту әдістемесі. Қысқаша дәрістер жинағы / Л.Айдарбекова, А.Абишев. – Алматы, «Елтаным баспасы», 2012. – 5б.

III БӨЛІМ. СӘНДІ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР РАЗДЕЛ III. ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОЕ ИСКУССТВО

ӘОЖ: 347.77.012.3

ҒТАМР: 18.31.51

Е.С. Калдыгулов¹, Б.М. Моменов²

¹*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті. Ақтөбе Қазақстан
7М01405-Визуалды өнер, көркем еңбек,
графика және жобалау ББ бағдарламасының магистранты. e-mail: baiganin.kaz@mail.ru*

²*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті. Ақтөбе Қазақстан
(пед.ғыл.к., доцент, Қазақ Ұлттық дизайнерлер академиясының академигі).*

КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақтың сәндік-қолданбалы өнері туралы оның даму жолынан тарихи деректер, жасалу жолдары, сәндік қолданбалы өнердің бірнеше үлгілері мен қолөнер бұйымдарын жасауға үйрету бойынша түрлі мәліметтер берілген. Озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғы шарттарына айналдыра білуді насихаттау, еліміздің ұлттық-рухани байлығын жаңғырту, насихаттауды жандандыру, оқушылар арасынан дарынды, талапты жасөспірімдердің шығармашылығын көтеру сияқты мәселелер қарастырылған. Көркем еңбек сабағында оқушылар сәндік-қолданбалы өнердің қыр-сырын меңгеріп, тарихымен танысып, өз тараптарынан қолөнер жұмыстарын дайындауға үйреніп, меңгереді, білімін тереңдетіп, мысалдар беріледі және үйренсем деген жұртшылыққа арналады.

Түйін сөздер: сәндік қолөнер, шығармашылықпен ойлау, көркем еңбек, технология, халық өнері.

Калдыгулов Е.С.¹, Моменов Б.М.²

¹*Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова. Актөбе Казахстан.
7М01405-магистрант программы по визуальному искусству,
художественному труду, графике и проектированию. e-mail: baiganin.kaz@mail.ru*

²*Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова. Актөбе Казахстан.
К.п.н., доцент, академик, Казахской Национальной академии дизайнеров*

ОСОБЕННОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОГО ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОГО ИСКУССТВА В РАЗВИТИИ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА

Аннотация

В данной статье представлены исторические данные о казахском декоративно-прикладном искусстве с пути его развития, способы его создания, несколько образцов декоративно-прикладного искусства и различные сведения по обучению изготовлению поделок. Рассмотрены такие вопросы, как пропаганда умения превращать передовые традиции в важнейшие предпосылки успешной модернизации, возрождение национально-духовного богатства страны,

активизация пропаганды, повышение творчества одаренных, требовательных подростков среди учащихся. На уроках художественного труда учащиеся осваивают азы декоративно-прикладного искусства, знакомятся с историей, учатся готовить поделки со своей стороны, углубляют знания, дают примеры и обучаются.

Ключевые слова: декоративно-прикладное искусство, творческое мышление, художественный труд, технологии, народное искусство.

Kaldygulov E.S.¹, Momentov B.M.²

¹*Aktobe Regional University named after K.Zhubanov. Aktobe Kazakhstan.
7M01405-Master of the program in visual arts, artwork, graphics, and design.
e-mail: baiganin.kaz@mail.ru*

²*Aktobe Regional University named after K. Zhubanov. Aktobe Kazakhstan.
(Candidate of Pedagogical Sciences, associate Professor, and academician
of the Kazakh National Academy of Designers)*

THE PECULIARITY OF THE NATIONAL DECORATIVE AND APPLIED ART IN THE DEVELOPMENT OF CREATIVE ABILITIES OF STUDENTS IN THE LESSONS OF ARTISTIC WORK

Abstract

This article presents historical data on the Kazakh decorative and applied art from the path of its development, methods of its creation, several samples of decorative and applied art and various information on teaching handicrafts. Such issues as the promotion of the ability to turn advanced traditions into the most important prerequisites for successful modernization, the revival of the national and spiritual wealth of the country, the activation of propaganda, increasing the creativity of gifted, demanding teenagers among students are considered. At the lessons of art work, students master the basics of decorative and applied art, get acquainted with history, learn to cook crafts from their side, deepen knowledge, give examples and learn.

Keywords: decorative and applied art, creative thinking, artistic work, technology, folk art.

Кіріспе. Оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне үйретуде болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын жетілдірудің басты заманауи үдерістерінің бірі педагогикалық білім беруді ізгілендіру болып табылады, ол өз пәнінің құралдары арқылы оқушыны тәрбиелеу мен дамытуға, оқытудың заманауи формалары, әдістері мен құралдарын жүзеге асыруға кәсіптік деңгейде дайын болып келетін болашақ маманның субъектілік дамуы мен өзін-өзі дамытуын қарастырады.

Сәндік-қолданбалы өнерді оқыту барысында оқушылардың ойлау қабілеті, көргенін есте сақтау, шығармашылық қиялы, көркемдік икемділігі, адамгершілік және сұлулық сезінуі дамиды, әрине, бұл қасиеттер жеке тұлғаның жан-жақты дамуына негіз болары сөзсіз. Оның үстіне ұлттық қолөнер өзінің тарихы терең, мазмұны сан қилы ерекшеліктерімен болашақ жастарға рухани, эстетикалық тұрғыда әсер етіп, олардың тұлғалық және салалық қасиеттерін дамыта түсері сөзсіз [1, 59 б.].

Қазіргі таңдағы өміршең міндеттердің бірі халықтың ұрпаққа қалдырған мәдени мұраларына назар аудару, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері мен түп тамырын тану болып табылады. Оқушылармен жұмыс барысында сәндік-қолданбалы өнердің жалпы сипаттамасы және оның басқа өнер түрлерінен айырмашылығы, өзінің ерекшелігі туралы түсінік қалыптастырып, халықтық сәндік өнердің негізгі көркемдік тілі, бейнелеуші құралдары, қолданбалы бұйымды жасау мен әшекейлеудің негізгі көркемдік принциптері туралы жүйелі түсінік берілуі тиіс.

Еліміздегі үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттық мәдениет, өнер және қолөнер негізінде біліктілік пен іскерлікті қалыптастыру, мәдениеттілікке баулу, адамзат қоғамында бұрын-соңды жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеруге, жалпы әлемдік рухани игіліктерді бағалай білуге тәрбиелеу қажеттілігіне баса көңіл бөлу керектігіне мән берілген. Осыған байланысты болашақ маман бойында кәсіби мәнді сапалардың қалыптасып, ол тұлға дамуымен ұштасып, нәтижесінде жас ұрпақтың біліктілігі мен іскерлігін қалыптастыру мәселесінің өзектілігі артады. Аталмыш мәселенің әсіресе ел болашағының кілтін ұстап отырған жас буын — мектеп оқушылары үшін маңызы айрықша.

Негізгі бөлім. Сәндік қолөнер дегеніміз – қолмен немесе құралдармен, техникамен өндірілетін қолданбалы, сәндік, сувенирлік бұйымдар түрлерін ұқсатып жасаудағы ойлардың, материалдар мен көркемдік шешімдердің, техникалар мен технологиялардың, ұлттық нақыштардың жиынтығын құрайтын өнер түрі.

Халықтың сәндік қолөнері оқушылар ұғымына жақындығымен және шығармашылық болмысымен олардың көркемдік шығармашылық қабілеттерінің дамуына әсер етуші құрал болып табылады.

Халық қолөнерін зерттеуші педагогтардың, психологтардың (В.С. Воронов, А.С. Бакушинский, В.М. Василенко, т.б.) бала тек қана ақпараттарды қабылдаушы көрермен емес, ол белсенділікті, жекелікті, қиял мен ойларды жүзеге асыруда талап ететін іспен айналысқанда дәлел бола алады [2, 23-30 бб.].

Балалардың қабілеттері мен дарындылығының түпкі бастауы – олардың саусақтарының ұшында. Көркемдеп айтқанда саусақтан шығармашылық ойлардың негізін нәрлендіретін жылғалар ағады. Балалардың өз іс-әрекеттерінде сенімділігі мен жасай білу қабілеті артқан сайын, олар еңбек құралдарын қолдануға икемді болады; осы іс-әрекеттерді жүзеге асыруға қажетті қимылдар күрделенген сайын, баланың рухани өміріндегі қоғамдық еңбекпен, табиғатпен өзара байланыстары күшейеді. Басқа сөзбен айтқанда, баланың қабілеті артқан сайын, ақылы да толыса түседі.

Халықтың сәндік қолданбалы өнері қаншама жылдар бойы жасалып, жетіле түскен аса кәсіби дағдылар мен амал-тәсілдерге негізделген. Олар арқылы қарапайым да көркем мәнерлілікке қол жеткізуге болады. Оларды жұлдызшалар мен айшықтар, иректермен ерекше бедерленген керамикалық ыдыстардан, ағаштан ойып жасалған бұйымдардан, жіптерді өру, айқастыру, шатыстыру арқылы тоқыған тоқыма үлгілерінен, құю, бедерлеу, жапсыру тәсілдерімен, асыл тастарымен, бағалы маталдарымен ерекшеленген зергерлік өнер туындыларынан көруге болады. Осы техникалық әдіс-амалдарды үйрену мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балаларға тән, және бұл олардың шығармашылық қабілеттерінің байқалуына, дамуына кең мүмкіндіктер береді.

Халықтың сәндік қолданбалы өнер туындыларындағы образдар мен ою-өрнектерде берілген ойлар, түйсіктер мен түсініктер, тұжырымдар, халықтың дүниетанымы аталған сапаларды жетілдіре түседі. Бояу түстері мен материалдың, бұйым формасы мен нақыштарының үйлесімділігі, олардың әсемдігі мен жарасымдығы адамға эстетикалық-эмоционалдық тұрғыдан әсер етіп адамның рухани жан дүниесін байытады. Сан алуан, қиын да күрделі өрнектерді жүзеге асыру шығармашылықты шыңдайды [1, 210 б.].

М.Мырзаханов сәндік қолөнердің жасалу техникасының, технологияларының алуан түрлілігі оқушылардың өз ісін, кәсібін таңдауына мүмкіндік беретіндігін айтады. Сондай-ақ, ол сәндік қолөнерді жасау барысында зейінділік, ұқыптылық, талаптылық, тәртіптілік, белсенділік, еңбексүйгіштік, ұжымдық сезім сияқты адамгершілік сапаларды қалыптастыру мүмкіндіктері негізінде оқушылардың шығармашылық белсенділігі дамидынын көрсеткен.

Балалар халық өнері үлгілерімен таныса отырып, алуан түрлі айшықты бояулар мен бейнелердің, мәнерлі нақыштар мен ою-өрнектердің әсемдігінен үлкен эстетикалық әсерге бөленеді. Халық шеберлерінің туындылар мен балалар шығармашылығынан ұқсастықтар табуға болады. Екеуінде де өмір ерекше қуаныш сезіммен қабылданады және одан түйген түйсік-талғамы да айрықша шаттық сезіммен жүзеге асырылады.

Халықтың сәндік қолөнерін зерттеушілер еңбектерінде халық шеберлері мен балалар жұмыстарындағы ұқсастықтың басты көрсеткіші болып бейнелейтін ойларының сәнділігі мен әдемілігінің жақындығы, ою-өрнектерді ерекше сезіммен және сүйіспеншілікпен орындауы табылатындығы айтылады.

Халық өнерінің шығармашылығын игеру балалардың көркемдік талғамын тәрбиелеп қана қоймай, олардың саздан бұйымдар жасау, ою-өрнектер түрін құрастыру, өз ойымен өрбіту, ағаш ұқсату мен ою жұмыстарын орындау, тоқыма, кестелеу әдістерін меңгеру сияқты шығармашылық тұрғыдағы жұмыстармен өздігінен айналысуға құштарлықтарын оятады [3, 147 б.].

Материалдар мен әдістер. Халық өнері туындыларын меңгеру дегеніміз осы өнердің табиғи өсу кезеңдерімен танысуды, оның көркемдік сапаларының (колорит, пішінінің иілгіштігі, ою-өрнек, композициялық шешім, материалдың фактурасы) белгілі бір мәнерлерін қабылдауды, халық өнерінің дәстүрлі үлгілерінің әр түрлі техникалық амалдары мен дағдыларын, әр түрлі материалдарды өңдеу тәсілдерін игеруді білдіреді. Осы айтылғандар балалар мен жастар үшін барлық уақытта да қызықты әрі әсерлі іс болып табылады. Тек қана халық өнері туындыларын шығармашылық тұрғыдан өзіндік қабылдау, олардың поэтикалық және сұлулық бейнелерін ұғыну, шығармашылық процестің өзіне қатысу деңгейі, дәстүрлі сәндік қолөнердің техникалық амал-әдістерін пайдалану дәрежесі өзгеріп отырады. Бірақ балабақшадағы немесе кіші мектеп жасындағы балаларға, жеке өмір сүруге қадам жасап отырған орта мектеп түлектерінің барлығына тән шығармашылық үрдіске қатысуға деген құштарлық, шығармашылық тұрғыдағы белсенділік, ынталылық пен дербестік оянады.

Жеткіншектер үшін сәндік-қолданбалы өнердің алуан түрлерін, дәстүрлі үлгілерін сипаттайтын техникалық әдістер мен шеберлік дағдыларын игеру маңызды. Мектеп практикасы жеткіншек жасы тұлғасының қалыптасуындағы маңызды кезең болып анықталады. Баланың осы жасында оның бейнелеу өнері сабақтарына қажетті психофизиологиялық жетілуі аяқталады. Ис-эрәкеттерінің көптеген функционалдық көрсеткіштері (көз жұмысы, түр-түсті, көрінетін дүниенің басқа да аспектілері мен кеңістігін қабылдау қабілеті) толық нақтыланады. Олардың көркемдік процестің техникалық әдістерін үйренуге және орындауға белсенді қызығушылықтары пайда болады [2, 23-30 б.].

«Сурет салуды таудың бұлағынан, қойдың құлағынан, анамның киізінен, ешкінің мүйізінен үйрендім», – деген екен Қазақстанның халық суретшісі, қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаушылардың бірі Әбілхан Қастеев. Осы орайда бейнелеу өнерімен айналысу – жас жеткіншектердің рухани дамуына өте қажетті факторлардың бірі және бірегейі деп білуіміз керек. Себебі, бұл өнер бағыты оқушылардың эстетикалық қызығушылығын дамытуға көмектесетіні анық. Шығармашылықпен ойлау, қиялдау, көркемөнер қабілетін, қоршаған ортаны сезіну, эстетикалық қарым қатынасын жетілдіреді. Бейнелеу өнері жас ұрпақтың дамуына өте зор мүмкіндік туғызады. Бұл орайда айтар болсақ сурет салудың орны ерекше. Сурет салу бейнелердің, заттардың формасын талдауға және оны ұқыпты бақылауға үйретеді, дүниетанымның өсуіне жәрдемдеседі. Бейнелеу өнері адамның көру жадысын, кеңістікті ойлауын дамытып, образды елестету қабілетін арттыруда зор үлесі бар. Өйткені ол нақты есептеуге, табиғат әсемдігін тануға үйретеді, ойлау мен сезу икемділігін арттырады. Бейнелеу өнері сабақтары өздерінің оқу- тәрбие жұмыстары бойынша да, түрлеріне байланысты да әр түрлі болып келеді. Мектеп бағдарламасында оқу сабақтарының төрт түрі қарастырылады. Олар: нұсқаға қарап сурет салу, сәндік сурет салу, тақырыптық сурет салу, өнер туралы әңгіме. Нұсқадан қарап сурет салу, сурет және кескіндеме жұмыстарымен айналысуды көздейді, сәндік сурет салу – ою-өрнектерді көркем конструкциялау, ою-өрнек элементтерін құрастыру және т.б. жұмыстарын қарастырады [4, 206 б.].

Өнер туралы әңгімеде оқушылар кескіндеме, графика, мүсін, сәулет ескерткіштерімен және сәндік қолданбалы өнер шығармаларымен танысады. Бұл аталған әрбір сабақ жеке тұлғаның эстетикалық тәрбиесіне, шығармашылық қабілеттерінің дамуына, дүниетанымына, жан-жақты дамуына ықпал етеді. Ұстаз шәкіртеріне өнерді таныстыруда үлгерімге жеткізу үшін

оқушылардың меңгеретін білімі мен дағдыларының көлемін біліп оқушылармен қандай жұмыс әдістерін тандап алу керектігін білуге тиіс. Бұл міндеттер бейнелеу өнерін оқытудың бағдарламасында қарастырылған. Бірақ оқу бағдарламасы мұғалім қызметінің ерекшеліктерін толығымен көрсете алмайды. Ең бастысы бағдарлама туралы білім формалды емес, ойластырылған, теориялық білімдерге сүйенген білім болуы тиіс. Сонымен қатар, қазіргі кезде білім беру саласы заман талабына сай білім мазмұнын ұйымдастыруды, қарым-қатынасын және құрылымын түбегейлі өзгертуді, жаңартуды талап етуде. Қалыптасқан дәстүрлі оқыту әдістері жаңа оқыту технологияларын ендірумен алмасуда. Осы орайда жаңартылған білім беру бағытында түрлі педагогикалық жүйелермен оқыту технологияларын салыстырмалы түрде сынақтан өткізу, зерттеу, талдау, іс-тәжірибеде қолдану жүргізілуде. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің қазіргі даму бағыты жалпы білім беретін мектептерде жас жеткіншектерді нарықтық заман талаптары мен мәдениеттің даму деңгейіне сай дайындауды қажет етеді. Жалпы білім беретін орта мектептерде барлық оқу пәндерін оқыту, жеке пәндердің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, еліміздің болашақ азаматтарын дайындау мен тәрбиелеу мақсатын қояды. Сондықтан бейнелеу өнері, технология пәндері жас ұрпақтарды іс-әрекетке және іс-әрекет технологиясын түсінуге бағытталуы тиіс [5, 129 б.].

Бүгінгі таңда көпшілік қауым мектептегі бейнелеу өнері, технология пәндерін жалпы білім беретін пәндер емес, олар арнаулы пәндер деп қарастыратынын көріп жүрміз. Әрине, бұл дұрыс емес, қате түсінік деуге болады. Жалпы білім беретін мектептер физиктерді, математиктерді, биохимиктерді, ақын-жазушыларды, композиторларды дайындамайтыны сияқты кәсіби суретшілерді де дайындамайды. Жоғарыда аталған маман иелері арнаулы оқу орындарында дайындалатыны бәрімізге мәлім. Жалпы білім беретін мектептегі әрбір пән жеке-жеке және бірлесе отырып оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етуге тиіс. Бірақ өздеріңізге белгілі бүгінгі күні жалпы білім беретін мектептер жаратылыстану немесе гуманитарлық бағыттарында жүйелі түрде білім беруде. Байқап қарасақ, өнер бағытындағы пәндер екінші сатыға ысырылып, кейінге қойылғандай. Оған дәлел ретінде соңғы жылдарда бейнелеу өнері және технология пәндері біріктіріліп, жалпы білім беретін мектептерге «Көркем еңбек» пәні кіріктірілген пән ретінде кезең-кезеңімен жүйелі түрде енгізіліп жатыр. Бұл жаңашылдықтың берері мол. Алайда, осал тұстары да жоқ емес. Ең бір өзекті мәселе, ол сағат санының қысқартылуында. Қосымша білім беру бағдарламаларымен жұмыс жалпы білім беретін мектептерде оңды жүргізілмейді. Мысалы, бастауыштағы 1-4 сыныптарда еңбекке баулу пәні аптасына 2 сағат болса, бейнелеу өнері пәні аптасына 1сағаттан болатын. Сонда эстетикалық пәндер жиынтығы аптасына 3 сағат өткізілетін. Қазіргі кезде көркем еңбекке аптасына 1 сағат қана берілген. Осындай жағдай жоғары сыныптарда да қайталанып тұр [6, 17 б.].

Нәтижелер мен талқылау. Айтулы мәселенің өзектілігін, аудан орталықтарында жаңадан ашылып жатқан немесе бұрыннан жұмыс істейтін өнер мектептері шеше алмайтындары айдан-анық. Себебі ол мектептердің негізгі бағыт-бағдары сурет салуға, ән айтуға, музыкалық аспаптарда ойнауға, би билеуге ебі-икемі бар, нақтырақ айтсақ дарынды балалармен жұмыс істеу. Ақпараттық технологиялар дамыған заманда жаңартылған білім беру жүйесі оңтайлы шешімдердің бірі. Бірақ жалпы жаһандану процесінен қалып қоймайық деп жүріп, өзіміздің ұлттық құндылықтарымыздан айырылып қалмауымыз керек. Керісінше, ата-бабамыздан қалған мұраны дамытуымыз және өркендетуіміз басты парызымыз. Ол үшін өнер бағытында жұмыс жасауды басты бағдарға алуымыз қажет. Қазақ елінің қазақ ауыз әдебиетінде «Көркемсөз» өте жақсы дамыған. Көркемсөз деп аты өзі айтып тұрғандай көркемдеу және суреттеу деген мағыналарды білдіреді. Оқушылардың тіл байлығының өсуіне, сөздік қорының ұлғайуына бейнелеу өнері пәні зор үлес қосатыны анық. Осы тұста бейнелеу өнері пәнінің қазақ тілі және әдебиеті пәндерімен пәнаралық байланыста екенін жақсы аңғарамыз.

Бейнелеу өнері тарих пәнімен де тығыз байланыста екенін көруге болады. Себебі атақты суретшілер мен мүсіншілер өнер туындылары арқылы өздері өмір сүрген дәуірден, ғасырдан тарихи оқиғалар туралы сыр шерткізетіндей. Нақты тарихи дереккөздерді де суреттер мен мүсіндерден табуға болатынын білеміз.

Көркем еңбек сабағы - мектеп оқушыларын рухани байытып, дүниетанымын қалыптастыратын пәндердің бірі. Көркем еңбек пәнінде ұлттық қолөнерді, тәрбиені үйрету арқылы мынадай дағдыларды немесе іскерлікті қалыптастырамыз:

- еңбекқорлыққа;
- ұлтжандылыққа;
- рухани мәдениетке;
- іскерлікке;
- шыдамдылыққа;
- ізденімпаздылыққа [7, 153 б.].

Оқушыларды еңбек қызметіне іс жүзінде даярлау міндетінің де маңызы бұдан кем емес, өйткені адам белгілі бір еңбек дағдыларына ие бола отырып, еңбек ете алмайды, әрі бұдан басқа еңбек үрдісінде ғана, оқушыларды мектептегі сарамандық еңбек қызметіне тарту жолымен еңбекке қатынастық негізін қалауға болады. Халық қолөнерінің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып, заманымызға сай лайықты сапа, түр беру әдісімен оларды ілгері дамыта беруіміз керек. Халық өнерін оқып, оны өмірмен ұштастыра білген адамның жан дүниесі кеңейеді, ой алғырлығы артады, шеберлігі кемелденеді. Ол адамның мәдени, рухани және шығармашылық дәрежелерінің көрсеткіші ретінде адамның күш-қуатының даму үрдісін іске асырады, кісіні сауаттылыққа жетелейді. Сондықтан сол өнерді келешек ұрпаққа жеткізіп түсіндіре дамыта білуді негізгі мәселе деп қараймыз. Оқушыларға өздері оқып үйренетін ғылым негіздерінің іс жүзіндегі маңыздылығын көрсетіп, олардың бойында машықтанып алған білімдерін қолдану дағдыларын жасаудың маңызы зор. Сонымен бірге, оқушы өзін қоршаған ортаның, дүниенің, салт-дәстүріміздің, қолөнеріміздің адам айтқысыз қымбат, замандар бойы тарих жасап қалдырған асыл мұра екенін жете түсінуі керек. Жоғарыда айтылғандардың бәрі кәсіби технология үйірме сабағында үйрету, оқыту, игерту болып табылады. Мүмкін болмаған жағдайда Технология жұмыстарында жалғастыруға тура келеді [8, 87-88 бб.].

Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасқан өміршең өнер. Адамзат дамуының қайсысында болмасын, қоғаммен бірге дамыған қолөнер әр дәуірге өзінің өшпес ізін қалдырып, әлеуметтік көркем жағынан дәуір тынысын қалт жібермей әсерін тигізіп отырған. Қолөнер дүниежүзінің барлық халқына тән. Бұл – халық қазынасы, ғасырлар мұрасы. Соған орай әр елдің, әр халықтың тарихи дамуына байланысты қолөнері өзіндік ерекшелігі мен эстетикалық талғамына байланысты қолөнері өзіндік ерекшелігімен халық өміріне өшпес із қалдырып отырған. Халқымыздың қолөнерінен туған асыл мұраларын әр оқушыға саналы түрде жеткізуге, оның сырын ұқтыруға, түсіндіруге, терең зерттеуге, одан әсер алуға, қазіргі заман талабына сай көркем шығармашылықпен дамытуға тиістіміз. Халықтың мәдени дәрежесі өскен сайын тұтыну бұйымдары мен жабдықтары талапқа сай әдемілене, әшекейлене түсуде. Оны күнделікті өмірде қазіргі қолөнер туындыларынан көріп жүрміз [9, 134 б.].

Бұдан қолөнеріміз ежелгі маңызын жойды, ендігі жерде онымен шұғылданудың қажеті жоқ деген ой туындамауы керек. Қайта халық қолөнерінің бай мұрасын жинап сұрыптай отырып, заманымызға лайықты сапа, түр беріп, оларды ілгері дамытуымыз тиіс. Мектеп сабағын көркем еңбек ұйымдастыруда қазақтың халықтық қолөнері саласының біраз түріне тоқталып өтуді жөн көрдік. Олар: ою-өрнектердің түрлері, олардың атауларымен қолданылатын орындары, өрнектердің түрленіп даму тарихы мен кейбір өрнек әуендерінің үлгісі. "Жаратылыс жалғыз емес, уақыт өтпей" - дейді халық даналығы. Қарап отырсақ, көңіл-күй де, талғам да, әдет-ғұрып та өзгереді. Сән дегеніміз күнде өзгеріп отыратын нәрсе. Мысалы, бүгін ұзын, ертең қысқа, бүгін тар, ертең кең деген сияқты. Ал, қолөнер саласы сән бағытына, талғамына көбіне бағына бермейді. Қолөнердің өзіне тән әлемі, қоршаған ортасы, өзіндік күші бар, ол ешқандай өтпелі құндылықтарға бағынбайды. Өзіне деген тыныштық пен сенім бізге белгілі бір дағдылар мен икемдерге жеткізеді. Көптеген адамдар ең алғаш қолөнермен айналыса бастаған кезде, белгілі бір материалды өңдеумен, зерттеумен айналыса бастайды [10, 364 б.].

Қорытынды. Көркем шығармашылықпен айналысуға деген қажеттілік біз үшін бір абсолютті қажеттілікпен емес, ол қолөнершінің қолының жылуы мен жан-тәнінің сезімі сақталған туындысын өнеркәсіптің жалпылай бір текті салқын өнімдеріне қарсы қою, тілегінен келіп шыққан. Бұл салыстыру егер бір белгілі шығармашылық биіктерге, жетістіктерге жеткенде ғана тиімді болады және өзін-өзі ақтайды. Шығармашылық белес деп біз мыналарды айтамыз: ритм заңдылықтарын түсініп білу үшін қажетті білім мен түсінік, оюлар мен өрнектерді орналастыра білу, бүтін бір бұйымда тепе-теңдікті сақтау. Сондықтан да біз өмір бойы оқып үйренуге тиіспіз. Сонымен, қорыта келгенде, жасөспірімдерге көркем қолөнердің берер ықпалы өте зор. Мектеп бағдарламасына сәйкес қолөнердің әр түрін үйретудің өзіндік орны бар. Бүгінгі күнде тәуелсіздігіміздің арқасында ата-баба дәстүрі жалғасын табуда. Оқушылар қолынан шыққан бұйымдарды көріп, ата-баба дәстүрі жаңарып жалғасуда. "Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға", - деп қазақ халқының ұлы, кемеңгер, данышпан ақыны Абай айтқандай, зерек те, іскер бес саусағынан өнер таматын шәкірттерді оқытуға, үйретуге біз, ұстаздар, әрқашан да дайынбыз. Бабаларымыздан жеткен асыл мұраны шаң басқан жерінен сілкіп, тот басқан бетін ашып, кейінгі ұрпаққа жеткізетін кез жетті деп ойлаймын.

Әдебиеттер:

1. Тоқтабаева Ш. Қазақтардың қолөнерге байланысты әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері //Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 59 б.
2. Джанибеков Ү.Д. Эхо ... По следам легенды о золотой домбре. – Алма-Ата: Өнер, 1991 г. – 23-30 с.
3. Масанов Э.А. Казахское войлочное производство во 2-ой половине XIX-XX вв. – Алма-Ата, 1980 г. – 147 с.
4. Тохтабаева Ш.Ж. Серебряный путь казахских мастеров. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005 г. – 206 с.
5. Боголюбов А. Орта Азиядағы кілем тоқу өнері. – Алматы: Изд-во АН Каз ССР, 1958. – С. - 129 с.
6. Әмірғазин Қ. Ою-өрнек-халықтық мұра. – Алматы, 2004. – Б. 17 б.
7. Мұхамед Д. Қазақ қолөнері каталогы. – Алматы, 2010 ж. – 153 б.
8. Байділдаұлы Ш. Қазақтың ою-өрнегі. – Алматы: Өнер, 1990 ж. – С. 88-87 б.
9. Назарбаев Н. Ә. «Біздің халқымыз жаңа өмірге бейімделуі керек» «Егемен Қазақстан». 31 тамыз. – Астана. 2000 ж. – 134 б.
10. Әбдіганбарова Ұ. Қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің тағылымы: Оқу құралы. – Алматы, 2002 г. – 364 б.

IV БӨЛІМ. ӨНЕРТАНУ
РАЗДЕЛ IV. ИСКУССТВОВЕДЕНИЕ

Universal decimal classification: 687.016

Code of State Categories Scientific and Technical Information: 18.31.01

Omar A.¹, Stambekova Zh.K.²

*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
Master's student in the 1st year of the specialty "Fashion Design".
e-mail: omarovaaiym9897@gmail.com*

*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
Ph.D., Head of the department "Design". e-mail: jazira_84_s@mail.ru*

**FEATURES OF THE DESIGN OF ELEMENTS OF MODERN NATIONAL CLOTHING
IN FASHION DESIGN USING THE CLO PROGRAM**

Abstract

This article examines the stable phenomenon of the national art of clothing and cultural consciousness in fashion design. The obtained data are differentiated with new views on the historical worlds and the world of fashion, which help to understand the patterns of spiritual culture. The article uses materials that took part in the development of issues of the typology of national clothing in the fashion art of Kazakhstan. New information was also collected about the CLO program in the field of design, identification of materials from historical and ethnographic literature, museum collections of clothing, photography, cartography in paintings (costume elements). The study of fashion trends reflects changes in the models of collections of world fashion shows. We focused on the opinions of designers of Kazakhstan aimed at changes in the fashion world, including the main materials, analyzed their work with the functions performed.

Keywords: Design, fashion, aesthetics, CLO3D, Marvelous Designer — «amazing designer» – a program for creating three-dimensional elements of clothing and other products made of fabric and leather: curtains, bedspreads, sofas, etc., national, traditions, culture, animation, fashion industry, ethno, style, costume, virtual, function, segment, typology, ornament.

Омар А.¹, Стамбекова Ж.К.²

*КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан
Магистрант 1 курса специальности "Дизайн моды".
e-mail: omarovaaiym9897@gmail.com*

*КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан
PhD, заведующий кафедрой "Дизайн". e-mail: jazira_84_s@mail.ru*

**ОСОБЕННОСТИ ОФОРМЛЕНИЯ ЭЛЕМЕНТОВ СОВРЕМЕННОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ
ОДЕЖДЫ В МОДНОМ ДИЗАЙНЕ С ПОМОЩЬЮ ПРОГРАММЫ CLO**

Аннотация

В этой статье рассматривается устойчивое явление национального искусства одежды и культурного сознания в модном дизайне. Полученные данные дифференцируются с новыми взглядами на исторические миры и мир моды, которые помогают понять закономерности духовной культуры. В статье использованы материалы, принимавшие участие в разработке

